



АУЫР АТЛЕТИКА МЕКТЕБІ ҚАЛЫПТАСТЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық ауыр атлетика федерациясының президенті Мұхаммед Джалуд әл-Шаммари мен Азия ауыр атлетика федерациясының президенті Мұхаммед Юсуф әл-Мананы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев меймандарға ілтипат білдіріп, ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстанда ауыр атлетиканы дамытуға үлес қосқаны үшін федерациялардың басшыларына ризашылығын білдірді.

Президент елімізде спорттың осы түрі ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Бүгінде 20 мыңнан астам отандасымыз ауыр атлетикамен жүйелі түрде айналысады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанда аталған спорт түрін ілгерілету үшін федерациялармен нәтижелі әрі тығыз қарым-қатынасты жандандыруға назар аударды.

Өз кезегінде Мұхаммед Юсуф әл-Мана қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып,

Қазақстанда ауыр атлетика мектебі қалыптасқанын мәлімдеді. Сонымен қатар Астана, Алматы қалаларында ауыр атлетикадан Орталық Азия елдері үшін өңірлік хаб құруға қажетті жағдай жасалғанына тоқталды.

Ал Мұхаммед Джалуд әл-Шаммари еліміздің ауыр атлеттері Бахрейнде өткен әлем чемпионатында табысты өнер көрсеткенін атап өтіп, Лос-Анджелес Олимпиадасының лицензиялық турнирін өткізуге Қазақстанның мүмкіндігі мол екенін жеткізді.

Кездесу соңында Президент ауыр атлетиканы ілгерілетуге үлес қосқаны үшін Мұхаммед Джалуд әл-Шаммари мен Мұхаммед Юсуф әл-Мананы II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Асхат Жұмағалиды қабылдады. Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің елімізде қабылдаған шаралары туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Антикор қызметінің биылғы жоспары, соның ішінде «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру жөніндегі негізгі міндеттері таныстырылды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, былтыр 1641 жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, жүйелі түрде жемқорлық жасаудың 68 фактісі анықталған. Екі ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеті әшкереленіп, сонымен қатар екі топқа үкім шығарылған. Сыбайлас жемқорлыққа жол берген 1493 адам ұсталды. Олардың ішінде түрлі деңгейдегі 229 басшы бар. 914 адам сотталды.

Агенттік 2022 жылдан бері мемлекетке жалпы сомасы 1,12 триллион теңгеге бағаланған мүліктік активтер мен қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз еткен. Былтыр сомасы 486,5 миллиард теңге болатын мүліктік активтер мен қаражат қайтарылған.

Президентке ведомствоның мемлекеттік сатып алу мен қаржының мақсатты игерілуіне мониторинг жүргізіп, 87,7 миллиард теңгенің тиімсіз жұмсалыуына жол бермегені жөнінде айтылды. Маңызды инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың құрылысын бақылау жұмыстары жалғасып жатыр. Агенттіктің қадағалауында 182 нысан бар, оның ішінде 81 құрылыстың жұмысы аяқталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы Президент тапсырмаларының орындалуы жайында баяндады.

Атап айтқанда, жол саласындағы жемқорлықты жою үшін талдау жүргізіліп, уәкілетті органдарға бірқатар ұсыным берілді. Агенттік қызметкерлерінен арнайы құрылған топтар өңірлердегі жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізіп жатыр. Бақылауға алынған 258 жобаның жалпы ұзындығы 1,8 мың шақырым болатын 119 учаскесі пайдалануға беріліп, оларда анықталған ақаудың 95 пайызы ретке келтірілді.

Бұдан бөлек, медицина, спорт және әлеуметтік қолдау салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жұмыстары аяқталды.

Президентке халықаралық ынтымақтастықтың нәтижелері, соның ішінде Әзербайжан, Ресей, Гонконг, Иордания және Қатар елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарымен меморандумдарға қол қойылғаны туралы айтылды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының ұсынымдарын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Оның аясында озық халықаралық тәжірибені енгізуді көздейтін 2 заң жобасы Мәжілістің қарауына ұсынылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі жалғастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрімен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан екіжақты күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылап, Қазақстан мен Мажарстан

арасындағы стратегиялық серіктестікке оң баға берді. Ең алдымен энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы жоғары

деңгейде қол жеткізілген келісімдерді тиімді іске асыруға баса назар аударылды. Екіжақты ынтымақтастықты одан әрі жандандыру үшін бірлескен жұмысты жалғастырудың маңызына ден қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан қазіргі жаһандық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасып, халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бейіл екендерін растады.

Әңгімелесу соңында Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрін Қазақстанға сапармен келуге шақырды.



ЗЕРДЕЛІ ЗЕЙНЕП

Қазақтың Зейнебі, Зейнеп Ахметова – құтты шаңырақтың келіні болып қана қойған жоқ, қаламымен де халқына қызмет етіп келе жатқан қаламгер. «Ұлттың ұлттығын ұлықтайтын, оның ұлттық жанын сақтайтын – әйел» дейді жазушы.

→ 6



TRUMP 2.0: ҚАТАҢ ДИПЛОМАТИЯ, ҚАТҚЫЛ ҮН

Қазір әлем АҚШ-қа көз тігіп отыр. Бірер күннен соң жаңадан сайланған президент Дональд Трамп ресми түрде қызметке кіріседі.

→ 10-11

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА БІРҚАТАР МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевты қабылдады.

Президентке Ұлттық ғылым академиясының былтырғы атқарған қызметінің негізгі нәтижелері жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына 2024 жылы отандық ғылымның жағдайын бағамдап, саланы дамытудың басым бағыттарын айқындау мақсатында жүргізілген кешенді жұмыс жөнінде мәлімет берілді.

Ақылбек Күрішбаевтың айтуынша, былтыр бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көзделген 113 ғылыми-техникалық тапсырмаға сараптама жүргізілген, сондай-ақ 3 интеграцияланған пәнаралық ғылыми-техникалық бағдарлама әзірленген.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымның әлеуетін арттыру үшін одан әрі жүйелі шаралар

қабылдау қажет екеніне назар аударды. Таяуда Ұлттық ғылым академиясына Президент жанындағы жоғары ғылыми ұйым мәртебесін беретін Жарлыққа қол қойылды. Үкіметке аталған Жарлықты жүзеге асыруға қатысты құқықтық мәселелерді жеделдету туралы тапсырма берілді.

Сондай-ақ ғылымды қаржыландыру 3,5 есе ұлғайды, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жана заң қабылданды. Жас ғалымдарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау күшейтілді. Президенттің тапсырмасымен оларға баспана беріліп жатыр.

Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясына бірқатар міндет жүктеді.



МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МАҢЫЗДЫ

Президент Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады.

Әңгімелесу барысында әлемдегі мемлекеттік басқарудың даму үрдістері мен доктриналары талқыланды.

Астана мемлекеттік қызмет хабының жетекшісі мемлекеттік басқару саласының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жергілікті атқарушы биліктің құзыреттерін кеңейту мәселелері жөнінде ой-пікірін жеткізді.

Сонымен қатар Әлихан Байменов V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қазақтың ұлттық спорты – тоғызқұмалақтың танымалдылығын арттыруға ерекше ықпал еткенін айтты.

Президент Астана мемлекеттік қызмет хабы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға тұрақты сараптамалық қолдау көрсетіп келе жатқанын атап өтіп, айтылған ұсыныстар бойынша тиісті мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуді тапсырды.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқылымда Мәжіліс тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша заң жобасын талқылайды. Бұл заң жобасы Қазақстан Республикасының Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған тапсырмаларын іске асыру мақсатымен дайындалған. Заң жобасы отандық өндірісті дамыту, импорттық жеткізілімдерге тәуелділікті азайту және жаңа өндірістерді локализациялау үшін ұсынылып отыр. Осы мақсатта «СТ-KZ» нысанындағы қолданыстағы сертификаттар мен индустриалды сертификатты ауыстыратын Қазақстаннан шыққан тауарлардың реестрін құру ұсынылады.

Екінші оқылымда депутаттар резервтегі қызмет мәселелері бо-

йынша заң жобасын талқылайды. Заң жобасымен жаңа әскери қызмет түрі – резервтегі қызмет енгізіледі. Бұл келісімшарт негізінде тұрғылықты жері бойынша ерікті түрде жүзеге асырылады және әскери дайындықты арттыру үшін резервтік күштерді құруды мақсат етеді.

Сонымен қатар депутаттар Түркия Республикасымен өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау жөніндегі заң жобасын қарайды. Мәжіліс кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы, экологиялық мәселелер бойынша және бірқатар халықаралық келісімдер бойынша ұсынылған заң жобаларын жұмысқа алуды жоспарлап отыр.



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты судьясының өкілеттігін тоқтату және лауазымынан босату туралы мәселені қарады. Сондай-ақ депутаттар көру қабілеті бұзылған адамдарға жарияланған туындылардың қолжетімділігін жеңілдетуге арналған құжатты ратификациялады.

Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Ерлан Сәрсембаев Сенат шешімімен Конституциялық Сот судьясы лауазымынан босатылды. Регламентке сәйкес бұл мәселені Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің депутаттары алдын ала талқылады.

Сондай-ақ отырыс барысында палата депутаттары «Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа апаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуді жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады.

Депутаттар атап өткендей, Қазақстанның Марракеш шартына қосылуы көру қабілеті нашар адамдарға арналған кітаптарға, журналдарға, оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне қолжетімділікті қамтамасыз

етуге мүмкіндік береді. Одан бөлек, осындай адамдар үшін қолжетімді форматтарда жасалған туындылардың даналарымен халықаралық алмасуды жүзеге асыруға жол ашады.

«Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау және оларға тең мүмкіндіктер қалыптастыру – әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Осы ретте қаралған шарттың ережелері көру қабілеті бұзылған адамдардың әдеби және көркем туындыларға қолжетімділігін арттыруды көздейді. Атап айтқанда, келісім аясында тараптар арасында қолжетімді форматтағы даналармен алмасу және оларды импорттау тетіктері қарастырылды. Мақұлданған заң елімізде инклюзивті орта қалыптастыруға оң үлесін қосады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата отырысында сенатор Сұлтан Дүйсембинов Үкіметке депутаттық сауал жолдады.

БАҒДАР

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



СЫР ӨҢІРІНДЕ СЕРПІН БАР

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы 2024 жылы атқарылған жұмыстарын қорытындылаған брифинг өткізді. Брифингте облыстық партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов Сыр өңірінде өткен жыл өрнегінде жүргізілген өркенді істер барысын баяндап, алдағы міндеттермен бөлісті.

Жалпы, жетекші партияның облыстық филиалы тарапынан жыл бедерінде атқарылған жұмыстары ауқымдылығымен көз қуантады. Әрдайым партия есепті мерзімде Мемлекет басшысының барлық бастамалары мен саяси реформаларын толық қолдау бағытында онды істерді жүзеге асырып келеді.

Атап айтқанда, 2024 жылы өткізілген жалпыхалықтық референдумда облыс тұрғындары белсенді азаматтық позициясын көрсетіп, саяси науқанға ұйымшылдықпен дауыс берді. Республика бойынша алдыңғы қатардан көрінді.

«Есепті мерзімде өткізілген тағы бір маңызды шара – 38 ауылда әкімдер сайлауы ұйымдастырылды. Саяси науқанда «AMANAT» партиясынан ұсынылған 37 үміткер жеңіске жетті. Сонымен бірге қызмет ауыстырған Шиелі ауданы әкімі лауазымына партия атынан ұсынылған кандидат Айтбай Насриддинұлы Жандарбеков халықтың толық қолдауымен аудан әкімі болып сайланды. Сонымен қатар 31 наурызда шығып қалған депутаттың орнына бірмандаттық сайлау округтері бойынша сайлау өтіп, облыстық және Арал мен Жаңақорған аудандық мәслихаттарына, 8 желтоқсанда қалалық, Шиелі, Сырдария, Қармақшы аудандық мәслихаттарына партиямыздың мүшелері депутат болып сайланды. Бұл партияның нағыз көшбасшы ұйымға айналғанын дәлелдейді. Әрине, бұл жұмыстардың барлығы облыстағы партияның 1 аймақтық, 9 аумақтық филиалдары жанындағы 206 бастауыш ұйымына топтасқан 46 мыңнан астам партия мүшесі мен мәслихаттардағы 152 мандаттың 124-ін иеленіп отырған фракция мүшелерінің және мыңдаған жақтастарының тікелей қатысуымен жүргізілген жұмыстардың жемісі деп білеміз», – дейді облыстық партия филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов.

Өңірде партияның сайлауалды бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар да сан алуан. Бұл тұрғыда

«AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға жоспарланған «Халықпен бірге!» деп аталатын сайлауалды бағдарламасын барлық өңірлерде нақты жүзеге асыру мақсатында арнайы Жол картасы әзірленгені белгілі. Нәтижесінде, былтыр облыста сайлауалды бағдарлама 91,4 пайызға орындалып, Жол картада қамтылған 116 іс-шараның 106-сы жүзеге асырылған.

Соның ішінде бағдарлама шеңберінде өңірде 15 елді мекенді газдандыру жұмыстары жүргізіліп, ауылдарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейі 78 пайызға жетіп отыр.

Сол сияқты бюджеттен бөлінген қаржыға 904 пәтерді құрайтын 16 кредиттік тұрғын үйдің құрылысы жүргізілген. Оның ішінде Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында 7-кабатты 84-пәтерлі 6 тұрғын үй пайдалануға берілгенін ерекше атап өткен абзал.

Қай кезде де өңірде тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі өзектілігін жоймақ емес. Бұл тұрғыда былтырдың өзінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 1 944 пәтер сатып алыныпты. Бұған қоса, Қызылорда қаласында жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға 123 пәтер тапсырылған. Нәтижесінде, азаматтарға 866,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Өңірде барлық салалар бойынша партия тарапынан атқарылған жұмыстар ауқымды. Атап айтқанда, спорт саласы бойынша 4 нысан пайдалануға берілсе, білім саласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізілді. Денсаулық сақтау саласы бойынша да бірқатар нысандар пайдалануға берілсе, соның ішінде Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсекорынға арналған ауылдық аурухана ел игілігіне табыс етілді.

«Жалпы, 2024 жылы аймақтық және аумақтық филиалдар бойынша Партиялық бақылау комиссияларымен 117 отырыс ұйымдастырылды. Комиссия отырыстары мен мониторинг жұмыстары барысында 543 ұсыныс әзірленіп, оның 398-і орындалды. Қалған ұсыныстар бойынша жұмыс істеліп жатыр. Апта сайын партиялық бақылау комиссияларымен сайлауалды бағдарлама негізінде Жол картасында көрсетілген құрылыс нысандарына рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып, 76 нысанға партиялық бақылау бекеттері орнатылды. Бүгінге дейін осы 76 нысанның 60-ы пайдалануға берілді. Партия филиалдары жанынан құрылған түрлі бағыттағы Кеңестер – Сайлауалды уәделердің уақытылы іске асырылуына үлкен үлес қосып келеді. Есепті кезеңде Кеңестердің 155 отырысы өткізілсе, онда 302

мәселе қаралып, 783 ұсыныстар көтерілді. Жалпы, барлық Кеңестердің жұмысы партияның сайлауалды уәделерінің орындалуына жүйелі бақылау мен бюджет қаражатының тиімді және ашық жұмсалыуына мониторинг жасауды қамтамасыз етуде. Сонымен бірге кеңестер түрлі мәселелер бойынша нақты практикалық шешімдерді әзірлейтін диалог алаңдарына айналды», – дейді Алмасбек Әбілкасымұлы.

Бүгінде партия филиалдарында Қоғамдық қабылдау бөлмелері тұрақты қызмет жасауда. Соның негізінде Ашық есік күндері мен «Құқықтық көмек», «Халыққа көмек» жобасымен өткен 123 қабылдауда 363 тұрғын қамтылды. Сонымен қатар 51 адамға көмек көрсетіліп, 37-сіне құқықтық сүйемелдеу жүргізілген.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша былтыр облысқа республикалық бюджет есебінен 2,5 млрд теңге бөлініп, 150 жоба қаржыландырылды. Қазір қосымша бөлінген 1,5 млрд теңге игерілуде екен. Биылға облысқа «Ауыл аманаты» жобасы аясында 5,5 млрд теңге қаржы қаралып, 815 жобаны қаржыландыру жоспарланып, 886 жұмыс орындарын ашу көзделіп отыр. Сол сияқты «Жер аманаты» жобасы бойынша 2024 жылы жалпы көлемі 77,5 мың гектар жер мемлекетке қайтарылған.

Жалпы, «AMANAT» партиясының ықпалымен жүргізіліп жатқан 11 жобаның әрбірі Сыр өңірінде жоғары маңызға ие. Нақты айтқанда, «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы», «Ұлттық мұра», «Кітап – AMANAT» жобаларының ықпалы зор. Былтырғы жылдың өзінде осы жобалар аясында 2 мыңнан аса іс-шара өткізіліп, оларда 38 754 адам қамтылды.

Филиал төрағасының айтуынша, партияның бастамасымен жүзеге асқан «Қарыссыз қоғам» жобасы аясында былтыр 11 мың азаматты оқыту жоспарланып, өңірде 11 210 азамат тегін қаржылық сауаттылығын арттыру курсынан өткен. Биыл 90 күннен астам берешегі бар 9 500 азаматты оқыту жоспарланып отыр.

Партияның аймақтық филиалы жанынан құрылған облыстық «Әйелдер қанаты» мен «Жастар рухы» Жастар қанатының атқарған жұмыстары да жоғары бағаға лайық.

Жалпы, өткен жыл облыстық партия филиалы үшін табысты қорытындыланып отыр. Брифингте филиалы төрағасы алдағы жыл еншісіндегі маңызды міндеттердің ауқымдылығына тоқталып, жүйелі жұмыстар жалғасын табатынын жеткізді.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жамбыл облысында Қарасай ауылында «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында жаңа спорттық-сауықтыру кешені ашылды. Заманауи нысан ауыл тұрғындары мен кәсіби спортшыларға түрлі спорт түрлерімен шұғылдануға мүмкіндік береді. Жоба өңірдегі бұқаралық спортты дамытуға бағытталған.

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Кешеннің салтанатты ашылу рәсіміне ауыл тұрғындарынан бөлек, аудан әкімі, партия өкілдері, ардагер спортшылар және құрметті қонақтар қатысты. Бұл орталықтың ашылуын қарасайлықтар көптен бері асыға күткен еді. Жаңа нысанның іске қосылуы ауылдың әлеуметтік және спорттық өміріне үлкен серпін бермек. Алғашқы құттық сөзін сөйлеген аудан әкімі Бегзат Болатбеков жаңа кешеннің маңыздылығын атап өтіп, оның болашақта тек аудан емес, бүкіл ел абыройын асқақтатар спортшыларды тәрбиелейтініне сенім білдірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында денешынықтыру мен спортты дамытуға ерекше мән берілетінін айрықша атап өткен болатын. Осы бағытта ауданымызда көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінгі ашылып отырған спорттық-сауықтыру кешені де осы игі істердің жемісі. Спорт кешені ауылымыздағы көптеген жарыстар мен жаттығулардың орталығына айналатынына сенемін», – деді Бегзат Болатбеков.

Жаңа кешен екі негізгі бөліктен тұрады. Бірінші қабатта футбол манежі, спортзал және ауыр атлетикаға арналған зал орналасқан. Екінші қабатта бокс және күрес залдары бар. Сондай-ақ кешенде киім ауыстыру және жуыну бөлмелері, жаттықтырушылардың кабинеттері және медициналық көмек көрсету орындары қарастырылған.

«Бұл ауыл балаларына спортпен айналысу үшін керемет мүмкіндік береді. Сонымен қатар көрші ауылдың балалары да осы кешенге келіп, өз денсаулығын нығайта алады. Мұнда түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылып, балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырады. Мұндай бастама ауылдың спорттық өмірін жандандырып, жас буынның денсаулығын жақсартуға зор үлес қосады», – деді ауыл тұрғыны Азамат Бекбосынов.

Айта кету керек, Жамбыл облысында былтыр «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында 5 спорт кешені мен 103 спорт алаңы ел игілігіне тапсырылды. Сонымен қатар 34 спорт секциясы ашылды. Ал биыл бес спорт нысанының құрылысы басталып, 27 спорт секциясы мен 4 балалар мен жасөспірімдер денешынықтыру клубы ашылмақ.

Ә. САМАТҰЛЫ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



AIQYN газеті биылдан бастап «Мәжіліс мінбері» айдарын назарларыңызға ұсынғалы отыр. Мұнда біз Мәжіліс депутаттарымен бірде сұхбат, бірде авторлық материал, бірде талдау түрінде заң жобаларын, депутаттық сауалдарды немесе сол кезеңдегі қоғамдық маңызды тақырыптарды екшеп береміз. Бүгін біз Мәжілісте қаралған заң жобаларының бірі – жемқорлық мәселесі туралы Мәжіліс депутаты Айдос Сарымнан сұраған едік.

А Нұрлан ҚОСАЙ

РЕВОЛЮЦИОНАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТЫР

Соңғы өткен Жалпы отырыстың күн тәртібінде көңіліміз құлаған бір мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қос заң жобасы болды. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов баяндама жасады. Айтуынша, заң жобалары 3 кодекс (Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-процестік кодекс, Еңбек кодексі) пен 5 заңға түзетулер және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізілді.

Соның ішінде бір-екеуіне қысқаша тоқтала кетсек. Ең басты жаңалық – көптен бері айтылып келгендей, заң қабылданғаннан кейін сыбайлас жемқорлардың тізімі жария болатыны. Профилактикалық құрал ретінде қолға алынғалы отырған бұл қадамның басты мақсаты – қоғам тарапынан мін тағу арқылы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік сезімін қалыптастыру. Келесі бір жаңашылдық – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту. Қазір АҚБТК-нің 678-бабы бойынша заңды тұлғалардың шенеуніктерге сыйақы бергені үшін 750 айлық есептік көрсеткіш айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Заң қабылданғаннан кейін бұл көрсеткіш Қылмыстық кодекстегідей 30-дан 60 еселенгенге дейін көбеймек. Сонда сыйақы көлеміне қарай айыппұл мөлшері бұрынғы 2 миллион 949 000 теңгеден бастап 2 триллион 359 миллион 200 000 теңгеге дейін көтерілмек.

«Бұл шаралардың барлығын біз тек қазір ғана қабылданып жатқан дүние деп есептеуіміз керек. Бұл мемлекетте жасалып

жатқан негізгі үлкен жұмыстардың бір бөлігі ғана. Мәселен, декларация тапсыру, заңсыз активтерді қайтару, ФАТФ ұйымына, басқа да халықаралық ұйымдарға мүшелік – бұлардың барлығы біздің VIII шақырылымның соңына дейін тиянағын табуы тиіс дүниелер. Ал бүгінгі заң жобасының ішінен мен көп өзгерістерді баса атап өткім келеді. Соның ішінде пара беруге ниеттенуді криминализациялау, мүдделер қақтығысы мен декларациясы және тағы басқалар. Бұлар Қазақстан үшін революциялық норма деп айтуға болды. Әлем, Еуропа елдеріндегі осындай өзгерістер біздің Қылмыстық кодекстің де концепциясына еніп отырған жаңашылдықтар. Бұл – жаңа құқықтық мәдениетті, жаңа жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін аса қажетті дүние. Бұл тәсіл Үкіметтің қорытындысынан да қолдау тауып бізге келіп отыр», – дейді қосымша баяндамашы, осы заң жобаларын қараған жұмыс тобының мүшесі, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

НИЕТІҢҮШІН ДЕ АЙЫПТЫСЫҢ

Әрине, жемқорлық – қоғамның қай тобын болмасын бейжай қалдырмайтын құбылыс. Сондықтан аталған заң жобаларын даярлау барысы үлкен текетіреспен, мықты тайталаспен өткен болар деген ой келген. Өйткені заң жобаларын жан-жақты қарау мақсатында Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің ұйғарымымен жұмыс тобы құрылып, оның құрамына барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік және ғылыми қоғамдастықтың, коммерциялық емес және құқық қорғау ұйымдарының өкілдері енген. Заң жобаларының таныстырылымдары өтіп, жұмыс тобының 20-дан астам отырысы өткізілген. Бұдан бөлек, жекелеген нормалар бойынша сарапшылармен консультациялар жүргізілген. Мәжілістің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысында бөлек те қаралған, әр бағыт бойынша жабық сипатта, үлкенді-кішілі қосымша семинарлар өткізілген. Тұтастай алғанда, қаралып отыр-

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚОҒАМДЫҚ САНА АРҚЫЛЫ ЖЕҢУ НӘТИЖЕЛІРЕК

ған заң жобалары бойынша тұжырымдамалық және редакциялық сипаттағы 90-нан астам түзетулер мен ұсыныстар келіп түскен екен.

«Заң жобаларын дайындау барысында қиындықтардан бұрын түсініспеушіліктер болды. Өйткені жұмыс тобы құжатта пара беруге ниет етудің өзін қылмысқа жатқызуды ұсынған еді. Талқылаулар кезінде көп депутат «бұл заң қарапайым азаматтарға қарсы тоқпаққа айналып кетпей ме?» деген алаңдаушылық білдірді. Мәселен, бір әріптесіміз: «Айналайын, құлың боп өтейін, мына мәселенді шешіп берші! Жақсылығың қайтады ғой, бірдеңе қылам ғой» деп біреу айтып қалуы мүмкін, ешқандай ақша бермей, ауызша өтініш жасаса да оны күдікті ретінде жауапқа тарту керек пе?» деп сұрады. «Бұл жерде ниет бар ма, жоқ па? Оны қалай анықтаймыз?» деген сауал қойды. Міне, бұл мәселені біз әзірге басы ашық қалдырдық, әлі де болса талқылаудамыз», – дейді ол.

Депутат: «мысалы, банк тонаушылар бірден баса-көктеп кіріп барып, банк тонамайды ғой. Ол оның сызбасын, картасын, ақшалар қайда жатқанын, кассаның, сейфтердің орналасуы, қызметкерлердің келіп-кететін уақытын, күзетшілердің ауысымын зерттейді ғой. Міне, осы дайындықтың өзі ниетке, қылмысқа жатады» деп уәж айтады.



Айталық, «тұрмыстық коррупция» деген ұғым бар. Қарапайым азаматтардың дәрігерге, мұғалімге, тәртіп сақшыларына, банк менеджеріне, тағы да басқаға шаруасын шешу үшін немесе шешкені үшін беретін сый-құрметі. Біз бұған жол бермеуіміз керек.

«Сондықтан болашақта біздің Қазақстанда пара ұсынуға талап ету әрекеттері пара берумен бірдей қылмысқа жататын болады. Бәлкім, жазасы жеңіл болу керек шығар, біз оны талқылап жатырмыз, екінші оқылымға дейін пысықтаймыз немесе екіге бөлеміз. Бастапқыда Қылмыстық кодекске параға келісім бергені, пара сұрағаны және талап еткені үшін жаңа 366-1-бапты енгізу, сондай-ақ параны уәде еткені және ұсынғаны үшін жаңа 367-1-бапты енгізу ұсынылған болатын. Олар қылмыстық теріс қылықтарға және ауырлығы төмен қылмыстарға жатқызылуы туралы мәселе қойылды. Ұзақ пысықтау процесінде және халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, жұмыс тобы параны талап етуді, уәде етуді және ұсынуды жаңа қылмысқа жатқызу қажет деген қорытындыға келді және оларды тиісінше Қылмыстық кодекстің 366-ба-

бында (пара беру) және 367-бабында (пара алу) көзделген қылмыстар құрамында қарастыру керек деп ұйғарды. Енді баяғыдай сенің қалтана келіп конверттің түскені шарт емес, біреуге «маған осынша ақша әкеліп бер» деп SMS немесе қағаздың шетіне жазып берген болсаңыз, сол айғақ болып саналады да, ол әрекет қылмысқа жатады», – дейді депутат.

Оның айтуынша, құқықтық жүйеде «аяқталған қылмыс» және «аяқталмаған қылмыс» деген ұғым бар екен. Егер пара алып тұрып заттай айғақтармен күзиретті органдарға ұсталсаң, ол – аяқталған қылмыс. Ал сол параны алуға дайындалып, жоспар құрған кезде, түрлі схемаларды ойластырған кезде, әшкере болып қалып ұсталсаңыз, ол да қылмыс емес пе? Сондықтан да қалай болғанда да ниеттің өзі қылмыс категориясына жатқызылуы керек.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ – ҚЫЛМЫСТЫҚ БАП

Қазіргі уақытта мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеуді регламенттеуге, жеке мүдделерді декларациялауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді регламенттеуге байланысты заң жобасының нормаларын пысықтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр екен. Оның талаптары бойынша бір

кейін ол Сенатқа, одан соң Президентке кетеді, сонда биыл жыл ортасында бұл жаңашылдықтар күшіне еніп қалуы мүмкін. Өйткені өзгерістер мен түзетулердің ішінде жекеменшік компаниялар бар, квазимемлекеттік сектор бар, солардың барлығын қамтитын дүние болғаннан кейін ұзактау уақыт керек болады. Бұған қоса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты ілеспе заң жобасын да пысықтап жатырмыз. Ал мемлекеттік органдарға, мемлекеттік қызметке қатысты тұстардың барлығын басын ашып, талқылап, бірінші оқылымда өткізіп алдық», – дейді Айдос Сарым.

ТҮРМЫСТЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАУҒА ТИІС

Мәжіліс депутаты жемқорлықты заңнан бұрын қоғамдық сана арқылы жеңу әлдеқайда нәтижелірек екенін айтады. Өйткені жазаны қатандатқаннан мәселе шешіле қалмайды. Азаматтар өздері белсенділік танытып, жемқорлыққа қарсы күреске азаматтық борыш ретінде қарап, осындағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды анықтауға қатысуы керек. Мәселен, қазір елімізде Anticor-Volonter деген қозғалыс бар. Әр өңірде мемлекеттік сатып алу сайтына кіріп, онда шектен тыс белгіленген бағаларды анықтап, тиісті органдарға хабарлап отыратын қарапайым азаматтар бар. Бұл өте дұрыс! Қоғам ортақ – жауапкершілік ортақ. Осы сияқты қазақстандықтардың өздері де осындай санаттағы қылмысқа саналы түрде бармауы керек.

«Бұл құжаттың жалпы идеологиясы былай болды. Мәселен, Қазақстанда жемқорлықты шенеуніктердің жасаған қылмысы деп қарайды. Сонда жеке секторда жасалатын осындай қылмыстар қайда қалады? Солардың барлығы осы заң жобаларында қамтылуы керек деген мақсат тұрды. Айталық, «тұрмыстық коррупция» деген ұғым бар. Қарапайым азаматтардың дәрігерге, мұғалімге, тәртіп сақшыларына, банк менеджеріне, тағы да басқаға шаруасын шешу үшін немесе шешкені үшін беретін сый-құрметі. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Кеше Агенттік Төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов та өз баяндамасында айтып кетті. 2023 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығына 27 мыңнан астам қоңырау түскен екен. Оның 2 мыңға жуығы – eGov мәселелері мен Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне шағымдар, 1,5 мың өтініш медициналық қызмет көрсету, 940 қоңырау – білім беру саласындағы шағымдар. Сондықтан да жемқорлықпен күресті әркім өзінен бастау керек», – дейді ол.

ҚОҒАМ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБАЙ

БҮРЫНҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
НЕ БЕРДІ?

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен білімің екі жақтап» деп Абай Һәкім айтқандай, қазақ халқы еңбекпен тапқан байлықты бақ-берекеге балаған. Еңбексіз, мандай терсіз келген дүние көзді ашып-жұмғанша берекесіз ғайып болуы мүмкін. Еңбек етіп, бейнеттеніп, мүлікті тебендеп жиып көрмеген адам дүниенің қадірін де білмес.

Қазақстандықтарды масылдық психологиядан арылту үшін 2002 жылдан бері атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) енгізілді. Оның басты мақсаты — әлеуметтік осал отбасылардың 18-ден асқан, еңбекке жарамды мүшелерін жұмыс істеуге ынталандыру. Өйткені аяқ-қолы балғадай, он екі мүшесі сау бола тұра, өзгеге телміріп тіленуді, кісі үстінен күн көруді қазақ халқы да, асыл дініміз де жақтырмаған.

Мұның сыртында «табысы төмен» деп, жаппай мемлекеттік көмек үлестіру кереғарлық-парадокс тудырады. Ешкімге алақан жаймай, күндіз-түні, бірнеше жұмыста істейтін кісілер әлеуметтік көмек алатындармен деңгейлес өмір сүреді. Содан оларға бұл тынымсыз тірлігін тыйып, үйінде жатып алып мемлекеттің көмегіне тіршілік ету тиімді болды.

Сондықтан XXI ғасырдың басында енгізілген атаулы әлеуметтік көмек аясында тұрмысы төмен отбасыларға ақшалай төлем төленбес бұрын, еңбекке қабілетті мүшелерінен жұмыс істеуі талап етіледі. Бас тартса, АӘК төлеу тоқтатылады. Мысалы, 2024 жылы еңбекке қабілетті 97,6 мың АӘК алушының 59,4 мыңы жұмыс істеді. 32,5 мыңы бала күтімінен отырған. 5,7 мың адам жұмыссыз болды.

Мемлекет оларға өз ісін бастауға да көмектеседі. Жеке кәсіппен айналысуға ниетті жандар үшін жеңілдетілген шағын несиелер, бизнес ашу үшін қайтарымсыз грант ұсынылады.

— Еңбекке қабілетті 16 мың адам 2024 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасына тартылды. Соның 11,2 мыңы, 70%-ы тұрақты жұмыс орындарына орналасты. 3,5 мың адам, 22%-ы уақытша жұмыс тапты. 426 адам (2,5%) кәсіпкерлік бастамасына грант алды. 300 адам (1,9%) біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қайта оқыту курстарына жіберілді, — деді Еңбек вице-министрі Олжас Анафин.

Іске қосылған 23 жыл ішінде АӘК бірнеше лек өзгерісті өткерді. Өйткені оның тетіктеріндегі олқылықтар түрлі қулыққа, адал емес схемаларға сеп болды. Мысалы, АӘК алу үшін ерлі-зайыптылардың жалған ажырасатыны белгілі болды. Сондай-ақ шын табысын жасырған, қымбат көлігі бар, коттеджде тұратын адамдарға миллиондаған теңге көмек беріліп келгені ашкереленді. Ресми мәлімет бойынша осы көмекті заңсыз алу үшін азаматтардың өз табысы мен бизнесін жасыру фактілері көбейген: 2019 жылы нақты табысын жасырған 73 мыңнан аса отбасы АӘК-тің заңсыз тағайындалғаны анықталды.

Сондықтан 2020 жылы отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін Отбасының табысын анықтау жөніндегі уәкілетті комиссиялар құрылды. Олар көмекке мұқтажтардың үйлерін аралап, дүние-мүлкін суретке түсіре бастады.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ӘЛЕГІ

Биыл елімізде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың жаңа тәсілі енгізіледі. Біраз өзгеріс өмірге жолдама алғалы тұр. Үкіметке мемлекеттің көмегіне шын мұқтаж отбасыларды анықтап, соларға ғана нысаналы түрде қолдау көрсету міндеті жүктелді. Осы мақсатта халыққа әлеуметтік көмекті ұсынудың тетігі жетілдіріледі. Оны алудан үмітті азаматтардың жиынтық шығыстары мен кірістері қатар тексеріледі. Тағы қандай өзгерістер бар?


КӨМЕК АЛУШЫЛАР ЕКІ ЕСЕ КЕМІДІ

Талаптарды қатандату нәтиже әкелді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратынша, 2020 жылы 184,7 мың отбасындағы 936 мыңнан астам адам АӘК алған екен. Оларға бюджеттен 75,3 миллиард теңге төленді. Оның алдында 2019 жылы 485 мың отбасыдағы 2,5 миллиондай адамға осы көмек тағайындалыпты.

Комиссиялар құрылып, талап күшейгелі АӘК алушылар саны 6 еседен астамға кеміді! 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша былтыр 77,6 мың отбасындағы 411,3 мың адамға АӘК берілді. Оларға 2024 жылы бюджеттен 54,7 миллиард теңге бөлу қарастырылған. Тиісінше, әрбір отбасыға бір жыл ішінде орта есеппен 704 мың теңгеден келеді. Мына жайт назар аудартады: Еңбекмині мәліметінше, бүкіл көмектің басым бөлігін — 62,2%-ын оңтүстік өңірлердің тұрғындары алады. АӘК алушылардың көбі Түркістан облысында — 20,3%, Шымкентте — 11,3%, Қызылорда облысында — 8,2%, Алматы облысында — 7,9%, Жамбыл облысында — 7,5% және Жетісу облысында — 7%.

2020 жылғы реформа кезінде АӘК алатын жағдайы төмен отбасыларға қосымша көмек ретінде балаларына арнап, «Кепілдендірілген әлеуметтік топтама» (КӨТ) енгізілді. 2020 жылдың қорытындысында АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 218,2 мың бала осы пакетті алды.

Алайда артынша әлеуметтік желі АӘК алушылардың шағымына толды. Заң бойынша КӨТ құрамына азық-түлік пен гигиеналық керек-жарак жиынтықтары кіруге тиіс. Ай сайын берілетін бұл пакет құрамы 25 түрлі өнімнен тұрды. Оның ішінде кем дегенде 2 литр сүт, 180 грамнан көп печенье, 320 грамнан асатын ботка, 1,2 келіден мол балалар пюресі, ең кемі 800 грамм сұлы ұлпасы (хлопья), 800 грамнан астам макарон, кем дегенде 0,8 литр сұйық май, гематогендер, бірнеше келі әртүрлі жарма, бұршақ, тіпті ара балы болған.



Елшар ҚАБА (сәулетші)

Бұдан бөлек, ай сайынғы пакетке балалар кремдері, шаруашылық және иіс сабындар, мөуесек пен тіс пастасы, сусабындар, кіржуу ұнтағы және басқалары қосылды. Мемлекеттің тегін бергенін телекамера алдында ақтарған кейбір кедей адам: «Маған мынау керек емес!» деп, көктеп кетпеген, қолданыс мерзімі өтпеген тауарды қоқысқа лақтырып, көңілтомластық білдірді. Тағы бір тобы Үкіметке хат жаудырып, «Мынаның орнына мынадай тауар бер!» деп (бір қап қант, бір қап ұн сұрағандар болды), «нақты тапсырыс-заказ» жасады.

Мұнда әрбір адамға ұнау, талғам мен таңдаудың дөп басу мүмкін еместігін, аз қамтылғандар оны қайырымдылық емес, мемлекеттің міндеті деп қабылдайтынын, жақсылықтың қадіріне жетпейтінін түсінген Үкімет 2022 жылы «кепілдендірілген әлеуметтік топтама» бас тартты. Сол жылдан бері азық-түлік пен тұрмыстық химия орнына табысы аз отбасылардағы 1-6 жастағы әр балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш (2025 жылы 5 898 теңге) көлемінде қосымша төлем енгізілді.

2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша былтыр АӘК алушы мектеп жасына дейінгі 128,8 мың балаға жалпы сомасы 5 миллиард теңге қосымша төлем аударылған екен.

ТЕКСЕРУ ТЕТІГІ ЖЕТІЛЕДІ

Мұқтаж отбасылардың материалдық жағдайына тексеру тетігі биылғы 2025 жылы жетілдіріледі. Еңбекмині «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» жаңа бұйрық жобасын әзірледі.

—Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұл

бұйрық жобасы 2024 жылғы 7 ақпанда, Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген Президенттің АӘК алуға үміткерлердің жиынтық табысы мен шығыстарын қатар ескеру тапсырмасын орындау үшін әзірленді. Жоба өтініш беруші отбасының материалдық жағдайын фотофиксациялайтын мобильді қосымшаны енгізу арқылы уәкілетті комиссияның әрекетін цифрландыруды көздейді, — деді құжатқа түсініктемесінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафин.

Ақпарат құралдарының жауапты комиссиялар әрбір елді мекенде осы көмекке өтініш білдірген отбасыларды аралап, ауласын, баспанасын, үйінің іші-сыртын және ондағы дүние-мүлікті фотосуретке түсіреді. Соның нәтижесінде, мысалы, отбасының меншігінде қымбат көлігі болса, коттеджде не салтанатты тұрғын үй кешенінде тұрса, комиссия АӘК берууден бас тартуы мүмкін.

Еңбек министрлігінің мәліметінше, Президенттің аталған тапсырмасын орындау мақсатында біріншіден, биыл енгізілетін пилоттық жоба аясында АӘК тағайындау үшін банктерден азаматтардың кірістері мен шығыстары туралы егжей-тегжей мәлімет алынады. Алгоритмі келесідей: азамат АӘК алу үшін уәкілетті органға пилоттық жобаға қатысу туралы өтініш береді. Содан соң оның отбасының көмекке толған барлық мүшесінің ұялы телефонына 1414 нөмірінен sms-хабарлама жіберіледі. Оған олар 1 жұмыс күні ішінде растап, жауап беруге тиіс.

Келісім алынса ғана меморандар мен банктердің ақпараттық жүйелері арқылы отбасының әрбір мүшесінің есепшоттары тексеріледі. Егер банктік шоттар бойынша

шығыс операцияларының мөлшері кедейлік шегінен аспаса, онда АӘК тағайындалады.

Екіншіден, уәкілетті комиссия қызметі цифрландырылды. Олар да адам, бармақ басты, көз қысты тірлікке баруы, қолына әлдене қыстырса, АӘК-тен дәмелі отбасының сөзін сөйлеп, сойылын соғуы мүмкін.

Министрліктің мәліметінше, оны болдырмау мақсатында FSM Social атты арнайы мобильді қосымша енгізіліп жатыр. Бұдан былай комиссияның барлық әрекеті сол сервиске тіркеледі. Үміткердің үй-жайының, дүние-мүлкінің көрінісі осы қосымша арқылы тіркеліп, фотосуреті жүктеледі. Ведомство соның нәтижесінде, жемқорлық тәуекелдері азаятынына, өтініш берушінің геолокациясы, нақты географиялық орны айқындалатынына сенімді. Сондай-ақ бұл тетік АЕК-ке қатысты шешімдерді қабылдау мерзімін қысқартатыны, қорытынды шығару рәсімдерін оңайлайтыны, тексеру мен шешім қабылдау рәсімдерін атүсті, формальды жүргізуді болдырмайтыны айтылды.

Мемлекеттік қолдауға аса зәру азаматтарды айқындау үшін FSM Social қосымшасы арқылы өтініш берушінің материалдық жағдайын фотофиксациялау жүргізіледі. Соның нәтижелері бойынша «Өтініш берушінің материалдық жағдайы туралы тексеру актісі» жасалады және Мұқтаждық туралы қорытынды дайындалады.

«АӘК тағайындау тетігіндегі алдағы өзгерістер шын мәнінде мұқтаж азаматтарды анықтауға және оларды мемлекеттің нысаналы қолдауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұйымдастырушылық жұмыстарды сапалы жүргізу үшін енді комиссия құрамында төрағаның орынбасары лауазымы пайда болады. Бұған қоса, комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды құрауға тиіс. Бұған дейін комиссия құрамында 5 адам ғана болатын», — деп түсіндірді Еңбекмині.

Тағы бір өзгеріс сол, бұдан былай D және E санаттарына жатқызылған жергілікті отбасылар санын азайту — әкімдердің рейтингіне тікелей әсер етеді. Көрсеткіш әкімдердің КРІ-ына енгізілді. Сөйтіп, жергілікті биліктің қимылдауына серпін берілді. Бүгінде әкімдер мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп отбасыларды дағдарыс және мүшкіл санаттардан неғұрлым қолайлы санаттарға көшіру шараларына кірісті. Соның арқасында 2024 жылы бұл контингенттің саны елде 15%-ға азайыпты.

АӘК өмір бойы берілмейді. Бұл тетіктің ендігі миссиясы — адамның не отбасының өмір тұйығынан, тығырықтан шығуына жәрдемдесу. Мысалы, табысы аз отбасыларға кешенді қолдау көрсету шараларының нәтижесінде 2023 жылы АӘК алушы 54,3 мың адам кедейлік жағдайынан шығыпты. 2024 жылы тағы 52,5 мың адам жұмыс тауып, бизнесін бастап кедейлік қамытынан құтылған көрінеді. Бұл тұрғыда АӘК тетігінің өзін ақтап отырғаны байқалады. Көркемдегенде, оны кедейлік құрдымына құлаған қазақстандықтарды шыңыраудан шығаратын баспалдаққа тенеуге болатындай. Мемлекет жоғары көтерілу үшін саты ұсынды, оны пайдалану-пайдаланбау — әр азаматтың еншісінде.

Елдос СЕНБАЙ

ЖҮРЕК КӨЗІ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Қазақтың Зейнебі, Зейнеп Ахметова – құтты шаңырақтың келіні болып қана қойған жоқ, қаламымен де халқына қызмет етіп келе жатқан қаламгер. «Ұлттың ұлттығын ұлықтайтын, оның ұлттық жанын сақтайтын – әйел» дейді жазушы. Оның әр сөзі – жастарға өнеге, өсиет. Зейнеп апай дәстүр жалғастығы үзілмесе екен деп тілейді. Биыл сексеннің сеңгіріне шыққан жазушы-этнограф әлі күнге бабалар аманатына адалдық танытып келеді.

Зейнеп Ахметова десе, алдымен «Шуакты күндер» ойға оралады. Бұл кітап – қазақтың қаһарман ұлы, данқты Бауыржан Момышұлы туралы естелік-эссе. Зейнеп Ахметова «Шуакты күндерде» Бауыржан атасы қайтыс болғаннан кейінгі қайғыдан арыла қоймаған жылдар туралы «Міне, басқа түскенге көніп, өзекті тіліп өткен қайғы уыты саябырлай түсіп шексіз сағынышқа ұласқанда, атамның қағаздарын парақтадым. Қарап отырып оның жалынды да жаралы жүрегінің лүпілін естуге тырыстым. Топ алдында тұлғасы окшау асыл бейнесін елестете отырып, биік ойларын теренірек түсінуге, қайсарлығы мен шыншылдығын тани түсуге талпындым» деп жазды. Сондай-ақ кітабына «Момышұлдарының – әкесі, баласы, немересі болып басы бірігіп, бір шаңырақтың астында тұрып, бір дастарқаннан ас ішкен берекелі жылдар» естелігін ұтымды арқау етті.

ЗЕРДЕЛІ ЗЕЙНЕП

сында қазақтың ішіне келген жалғыз атты түрікке ғашық болыпты. Айдаһардай ақырған алты бауырының қаһарынан сескенбей, ай қаранғы бір түні түріктің етегінен ұстап қашып кетіпті. Жүректісін көрмейсің бе, түбі Момышұлына құдағи боларын әуел бастан білген. Ал мына Зейнеп «арғы атам – ер түріктің қызы». Өте өжет. Әйтпесе, төрт бауырының ашудан тайсалмай, менің балама сескенбей қалай келген, ә?» – деген жолдар бар. Сондай-ақ «...аласа үстелдің үстіндегі темекі қалдықтарына толып

сөндірмей, қазақ келінінің мәңгілік бейнесін де жасай алды.

Ендігі жерде Зейнеп Ахметованың «Шуакты күндерде» «Бабалар аманатын» арқалап, «Қүре тамырға» жалғай «Тенбіл тіршілік» толқынында қазақ руханиятына, отбасы құндылығы мен ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі ұрпақ жадында жатталуы керек деп ойлаймыз. Бұл жолы, біз, Зейнеп апаның «Қазақ қызы қандай болуы керек», «Қазақтың келіні қандай еді» деген тұжырымдарын ұсынсақ...

ҚЫЗЫ ТӘРБИЕСІЗ ЕЛДЕН БЫРЫС КЕТЕДІ

Анасы «әкең келе жатыр» дегенде айылын жимайтын бала жоқ. Қазір «Қызға қырық, ұлға отыз үйден тыйым» дегенді ұмыттық. Мына өмірден кетпей тынбайтын бәріміз де ажалды пендеміз. Жер бетінде уақытша жүрген жолаушымыз. Бұрынғы бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне, бала болашағына көп көңіл бөлген. Артымда ұрпағым қалса, Құран бағыштаса, отым сөнбей, түтінім түзу ұшса деп тілегендіктен, бала тәрбиесіне қатты мән берген.

«Ұл – өріс, қыз – қоныс» деп жатады. Заман бір орында тұрмайды, өзгереді. Шындап келгенде, қызы тәрбиесіз елдің іргесінен ырыс кетеді. Тұнығы лайланады, толысы төгіледі. Сөйтіп, ұрпағы жидіп, жүнжиді. Өйткені қыз – ертеңгі басқа босағаны аттайтын ақ келін. Содан кейін бір әулеттің ұрпағын өсіретін ана, одан кейін әже. Үйдің тірегі болатын қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлмесе, ел ел болудан қалады. Басқасын айтпағанда, қазақтың мақал-мәтелінде қаншама тәрбие жатыр. Жыр-терме де тұнып тұрған тәрбие. Өкініштісі – әлі күнге дейін

мемлекеттік деңгейде ұлттық балабақшаның жоспары жасалмағандығы. Тіпті, бізге ұлттық перзентхана керек.

АНАСЫН КӨРІП, ҚЫЗЫН АЛ

«Шыққан қыз шиден тысқары, сенің түпкілікті тұрағын, түтінін түтетіп, тілеуін тілейтін үйің – күйеуіңнің үйі. Бір еркектің ыстық-суығына төзе алмасаң, кедір-бұдыр мінезін кешіруге кендігің жетпесе, жоғын бар етіп, ашылғанын жаба алмасаң, әйелдік ақ жаулықтан садаға кет», – депті. Міне, бұрынғының тәртіп-тәрбиесі. Апамыздың мықтылығы – осындай қазақы қайнардан сусындауында. Қазақтың «анасын көріп қызын ал, дастарқанына қарап асын іш» дегені осы.

ЕНЕ МЕН КЕЛІННІҢ «ИЛЕЙТІН ТЕРІСІ» БІР

Мен өз енемді көрген жоқпын. Келін деген – ененің өкшебасары, ененің мұрагері. Енесінің жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, ұрпақ жалғастырып, өзі де келін түсіріп, ене болып, ары қарай әже болуы керек. Мен келінін жамандайтын енелерге: «Тоқтай тұр, саған келін болып келгенге дейін сол қызға қандай еңбегің сінді?» – деймін.

Біреудің әлпештеген баласы, оқытып-шоқытып, дайын күйінде ененің қолына келді. Егер бір адамды бір әлем десек, ененің қолына бүтін бір әлем келді. Енді сол жас келінді ақылмен өзінің өкшебасары, мұрагері етіп үйрете алмаса, кімге өкпелейді? Кез келген әйел ене бола алады. Бірақ келінге ана болу керек. Өйткені ол – ененің мұрагері. Ал енесін жамандайтын келіндерге, «өзі сүйіп қосылған жі-

гітті өмірге әкеліп, тәрбиелеп, мәпелеп өсірген анасы неге жаман болуы керек?» деймін.

ӘЙЕЛДІҢ МИССИЯСЫ – ОТЫНЫҢ БАСЫНДА

Менің ойымша, әйелдің миссиясы – отының басында. Ананы ардақтайық, ұрпақ өсіп-өнсін. «Қайтып келген қыз жаман» демекші, қайтып келген қыз ата-анасының бетіне де, ауыл-аймағына да көлеңке. Мысалы, «Қызға қырық үйден тыю, қала берді қара күннен тыю» деген бар. Бұл – қырық үйден үлгі-өнеге көру, қала берсе, қара күннен де бір жақсылықты үйрену деген сөз. Қазір, ең жаманы, ажыраса салу сөкет емес. Сондай-ақ тұрмысқа шықпай, некеге тұрмай жатып бірге тұратындар көбейді. Бұл – біздің мұсылмандығымызға да, қазақшылығымызға да жат нәрсе.

САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗ ШАРИФАТПЕН ҮНДЕС

Қазақтың қыздары тұрмысқа шыққанға дейін басына ешқашан орамал салмаған. Үкілі тақия, жырға, қасаба, кәмшат бөрік, құндыз бөрік киген. Сүмбіл шаш, қолаң шаш, алтын шаш деген теңеу ата-бабадан қалған емес пе? Орамал салды деген сөз – қыз тұрмысқа шықты деген сөз. Орамал мәселесі соңғы 30 жылда ғана шықты.

Қазақта «Тасын ала берсе, тауда таусылады» деген сөз бар. Қазақ ешқашан Құдайсыз болған жоқ. «Құдайсыз қурай сынбайды» деген қазақ қалай Құдайсыз болады? Бірақ қазіргідей «фанатик» те болмаған. Мұсылман болу үшін араб болу қажет емес. Қазақтың салт-дәстүрі шариғатқа қайшы келмейді.

Дайындаған
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Келін деген – ененің өкшебасары, ененің мұрагері. Енесінің жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, ұрпақ жалғастырып, өзі де келін түсіріп, ене болып, ары қарай әже болуы керек.

Зейнеп Ахметова 80-нің сеңгіріне шыққан шағында да «Мен тұла бойы қайшылықтарға тұнып тұрған, қайталанбас адамның биік шаңырағының кең дастарқанын ұстаған, шамам келгенше иіліп қызмет істеген, атамның өнегелі өсиеттерін де, өңменіңнен тесіп өтер айқайын да естіген мандайлы келінмін» деп жазғанындай, «Бауыржанның келіні», «Батырдың келіні», «Үлкен үйдің келіні» деген абыройлы атағын кірлетпей, көтере алды. Шынашақтай қызды батыр рухының шырақшысына айналдырған қандай күш дейсің, еріксіз. Кітапты оқи отырып, сұрақтың жауабын «Өзім үшін тіршілігімнің мәніне өшпес өзек, жарық сәуле болып тартылған, өмір мектебі болған жылдар», «...зымырап өте шыққан қанатты жылдар» деген жолдардан табасын.

«Шуакты күндерде» «Үйге келген қонақтарға мені таныстыратын жері қызық. Марқұм құдағиым Мәлике – Кеген жақтың албаны. Он жеті жа-

қалған құлсалғышты ала беріп, ашық жатқан дәптердің бетіне ірі араб әріптерімен жазылған қысқа үш жолға көзім түсті», – дейді автор. Атасының араб әрпімен жазған құпиясын оқып қойғанын байқап, ашуланады-ау деп әбігер болған сәтінде: «Балам, егер сөздің жөніне көшсек, бұл әріпті білгенің өте жақсы екен. Менің жазбаларымның әжептәуір бөлігі араб әрпімен жазылған. Бала кезімде сауатымды осы жазумен ашқанға ма, қол оңай жүгіреді. Кейін Бақытжан қолжазбаларымды өзгенің көмегіңсіз оқи алмайды-ау деп ойлаушы едім, енді қарасам сен бар екенсің» дегенін оқып, Бауыржан мұрасының бағы жанғанына қуанасын.

Иә, тағдыр талайы «Зейнептей дала қызын Алматының асфальтында туған, Кеңес үкіметі кезіндегі идеологияның салдарынан орыс мектебінде оқыған» (Бақытжан Момышұлының сөзі) Момышұлының жалғыз ұлына жар етті. Зейіні ерек, зердесі зерек Зейнеп Ахметова батыр бабаның отын

ПАРАСАТ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Ең алдымен, намазалы оғашұлы туралы сөз болғанда, оның өсіп-өнуіне өзі шыққан ортасының үлкен ықпал еткенін айтпай кете алмайсыз. Ауыл-аймаққа сыйлы отбасында - қазақтың қарапайым зиялы шаңырағында дүниеге келуі соның айғағы. әкесі оғашұлы ақсақал бар назарын бала тәрбиесіне аударған, олардың адал да еңбекқор, салауатты әрі саналы өсуіне өмірін арнаған екен. әрқашанда орнымен ақыл-кеңесін айтып, өрендерінің зерек те ерек жетілуін әкелік парыз санапты. мұның бәрі болашақ қаламгердің зиялы ғұмыр кешуіне бірден-бір сеп болғаны мәлім.



ЖАЛАҢ СӨЗГЕ ЖАНЫ ҚАС

Жас та болса бас болатынын алғашқы аяқ алысынан-ақ аңғартты. Жасынан алғыр өскен ол алдымен білмекке ұмтылған. Сосын, кейін келе онысын іске асыруға талпынғанын байқар едік. Әрине, студент кездің өзінде кіл бір «сен тұр, мен атайын» қыз-жігіттер тобын бастап, кейін қатардағы оқытушыдан қара шаңырақ – университеттің проректорлығына дейінгі жолдан өту кім-кімге де оңай жүк артпасы анық. Осы меже биігінен қай орта, қай орында болсын абыроймен көріне білген Н.Омашұлы қашанда біліктілігін іскерлікпен ұштастыра алатын. Сондықтан да шығар әр кез сенім күшейген, міндет ұлғайған. Содан өзіне көрсетіліп жататын осындай бар сенім мен жауапкершілікті ынты-шынтысымен атқаруға бел буатын. Ондағысы – қолынан келгенінше ортақ істен аянбау. Ел үмітін үкілеу, шет жұртпен қатардан қалмай, терезесі тең, ауқымы кең байланыстар орнату. Әр істі бастағанда, қалай бітетіні әрі оңай шағылатын жаңғақ еместігі ә дегеннен-ақ аңғарылады. Дегенмен дйттегеніне жетпей қоймайтын қағылездігінен де жұмысты ұтқырлықпен ұйымдастыра білген. Уақыт үдесіне сай іскерлік пен ілкімділік арқасында алдағы қандай да күрделі міндетті орындап шығатын.

Осы ретте дара ұстаз, академик, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Зейнолла Қабдоловтың айтқан мына пікірі ол жайындағы ойды толықтыра түседі: «...Ұстаз деген ардақты атты кіршіксіз таза күйінде алып жүргендердің бірі, бірегейі десе де болады, ол – мына отырған менің Намазалы шәкіртім. Біреулер кресломен көркеюге барады, біреулер креслоны көркейтуге келеді. Шырағым, біз таныған қалпында тұр! Әрбір менің ұстаздық тәрбиемді алып, түлеп ұшқан шәкірт – қолымнан шыққан төлтума кітабым іспетті. Мен жазған кітаптардың ішіндегі классикасы – Намазалы Омашұлы!» Бұған алып-қосар жоқ. Ендігісі мұны дамыту ғана секілді.

Тарихтың омыртқасы хроника болса, жүрісінен жаңылмайтын – тек факті. Н.Омашұлының өмірбаянына үңілсеңіз, тым асығып, албыртқыққа салынбайтын, тым баяу қатардан да қалмайтын қоңыраулы қоңыр қаламды серік еткен жорға жүрісті байқайсыз. Туа бітті болмысындағы осы бір сабыр мен сағ ауадай тазалық өмір жолындағы іздерінде сайрап жатқаны анық.

Өзіндік қолтаңбасы бар Намазалы Омашұлының қарымы мен әр басқан адымы өзінше өрнек. Себебі «асықпай жүріп, анық басатын» табандылығы, алымдылығы жазғандарынан да айқын аңғарылатыны жайдан-жай емес-ті. Тынымсыз ізденістен туған «Толқындағы «тотияйын» атты іргелі монографиясынан, «Қазақ радио журналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы», «Белестер», «Жол үстінде – журналист» атты кітаптарымен әрбір ғылыми еңбек, мақала, ой толғаныстарында рухани бірізділіктің біте қайнасып жатқанын аңғару қиын емес.

Н.Омашұлының және бір қыры – журналистиканың теориясына қосқан қомақты үлесі, өз саласының білгір маманы екендігі. Бұл ретте, Н.Омашұлының 200-ден астам ғылыми-публицистикалық мақалалар, оннан аса кітап жазғандығын айтсақ та жеткілікті.

Ғалым зерттеуінің негізгі бағыты – радиотележурналистика және журналистика ғылымының мәселелері. Сөз ретінде ғалымның іргелі екі еңбегі аз-кем тоқталуды қажет етеді. «Толқындағы «тотияйын» монографиясы – алғашқы ғылыми ізденістің бірі. Негізінен, Қазақ радиосындағы фельетон жанрының қалыптасуы мен дамуын жете зерттейді. Жалпы, Қазақ радиосында сатиралық хабарлар елуінші жылдардың екінші жартысына қарай пайда болғанын ғылыми дәйектейді. Ал «Қазақ радио журналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы» атты оқу құралы – 1917-1941 жылдар аралығындағы Қазақ радио журналистикасының

метте Н.Омашұлы өзін іскер басшы, білікті ұйымдастырушы және жаналық жаршысы ретінде көрсете білді. Ол жетекшілік еткен кезде Журналистика факультетінде бұқаралық ақпарат құралдарына қандай журналистер қажет екендігі ескеріле отырып, оқу бағдарламалары түгелдей дерлік жанартылды.

Бір анығы жоғары оқу орнын ашатын да, жабатын да – СТУДЕНТ! Бұл қағидаттың растығы қазіргі таза бөсекеге құрылған жоғары оқу орындарына абитуриент тарту науқанында айқын байқалып жүр. Соңғы жылдары факультетте «Баспа ісі», «Бұқаралық байланыс» сияқты заман сұранысы тудырған жаңа мамандықтар мен «Халықаралық журналистика», ЮНЕСКО, «БАҚ және жарнама менеджменті» секілді кафедралар ашылды. Сондай-ақ факультеттің материалдық-техникалық базасы соңғы технологиямен жасақталды. Халықаралық байланыс жөнінен Журналистика факультеті университетте алдымен аталады. Оған жоғарыда атап кеткен шетелдердің ірі журналистік білім беру жүйелерімен халықаралық байланыс орнатылғаны дәлел. Н.Омашұлының өзі екі мәрте АҚШ-тың Оклахома мемлекеттік университетіне, сондай-ақ Парижде (Франция) және Монреалда (Канада) өткен ЮНЕСКО-ның



Ұстаз деген ардақты атты кіршіксіз таза күйінде алып жүргендердің бірі, бірегейі десе де болады, ол – мына отырған менің Намазалы шәкіртім. Біреулер кресломен көркеюге барады, біреулер креслоны көркейтуге келеді. Шырағым, біз таныған қалпында тұр!

нақтылы тарихын, жинақтаған тәжірибесін, қалыптасқан теориясын сөз ететін көлемді зерттеу. Бұл еңбек ғалымның әлі белгісіз мұрағат құжаттарын, арнаулы әдебиеттер мен әр жылдарда шыққан мерзімді басылымдар жарияланымдарын, ұнтаспадағы хабарлар түпнұсқаларын негізге ала отырып, Қазақ радио журналистикасының даму тарихын, алғашқы ширек ғасырлық тәжірибесін, қазақ радио хабарларының жанрлық, пішіндік өзгешеліктерін толыққанды ашып көрсеткендігімен құнды.

Н.Омашұлы Қазақстан журналистикасының өсіп-өркендеуі мен дамуына ұйытқы болған тұлғаның бірі екенін қадап айту ләзім. Өйткені ол 1995 жылдан әмбебап журналистер әзірлейтін республикадағы бірден-бір оқу орны – Журналистика факультетінің деканы ретінде көп еңбек етті. Бұл күнде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультеті – республикадағы журналистік білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік орталығы. Заман талабына сай жаңашылдықтың жарқын іздері байқалса, бұл істе, сөз жоқ, ұжым басшының еңбегі зор. Декандық қыз-

Халықаралық конференцияларына барып, ғылыми баяндамалар жасап қайтты. 1996 жылдан құрылған халықаралық ЮНЕСКО ұйымының Орталық Азия мен Қазақстандағы журналистика және коммуникация жөніндегі кафедрада оқытушылар мен студенттер әлемдік деңгейдегі телеарналар хабарларын, Интернет байланысын пайдалана отырып, журналистік зерттеулер және талдаулар жүргізумен айналысады.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Н.Омашұлының талантты жастарға деген қамқорлығы ерекше тоқталуды қажет етеді. Қолынан жазу келетін талай ойлы өренді ғылымға баулып, жолдама берді. Ісіне мығым, білікті шәкіртін жасына қарамай басшылық орынға да қойды. Жалпы, адамның ісіне, талантына қарап бағалауы осы қадамдарынан аңғарылар еді. Жаңа уақыттың техника-технологиясы мен ілім-білімін тел емген жас ғалымға да, оқу орнына да қажет екенін жақсы түсінетін ұстаз кездескен кедергі-қиындыққа қарамай оларға жол ашты. «Ақыл жастан...» деп үлкен сенім білдірді.

Осылайша, «Жанам деген жігітке от беретін, шабам деген жігітке ат беретін» орта

– Журналистика факультетінің барлық жағынан толысып, жетіліп, ең бастысы – жаңа уақыттың бар жақсы нышанына қарап бой түзеуіне берік іргетас қаланды. Ендеше мұны Н.Омашұлының қайраткерлік қыры деп қабылдауға толық негіз бар.

Соңғы ширек ғасырдың бедерінде университет бітірген, бүгінде қазақ журналистикасының қара қазанын кайнатып жүрген журналистердің барлығына ұстаз, ақылшы. Талай талантты шәкірттердің тұсауын кесіп, ғылымға деген жігерін жаныды. Және бұқаралық ақпарат құралдарына мыңдаған маман әзірлеуге үлкен үлес қосқан. Байқап қарасақ, аз уақыт, аз көрсеткіш емес. Бүгінгі бүтін бір ұрпақтың өмірі. Қазақтың «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген нақылы тұрғысынан келсек, сонша мерзім шәкірт тәрбиелеу де мықтылықтың бір мысқал көрінісі. Н.Омашұлының талғамының биіктігі мен талабының күштілігін сезініп өскен шәкірт күні ертең сол деңгейден көрінуге дағдыланатыны бар. Өйткені еңбекке ерте үйренген ұстаздың жалқаулыққа жаны қастығына еш шәкірті шөк келтірмейді. Жөн сөз айтып, жөндем болуға шақыруда қарабайырлықпен емес, қарапайымдылығымен ерек.

2001 жылы Кембридждегі (Англия) Халықаралық биографиялық орталық журналистикадағы, білім берудегі және ғылымдағы ересен зор жетістіктері үшін Н.Омашұлына «Жылдың Халықаралық адамы» атағы мен медалін табыстады. Елдегі бұқаралық ақпарат құралдары мұны қазақ журналистикасы мен ғылымына әлемдік деңгейде берілген жоғары баға деп мәлімдеді. Шындығында солай, ерінің ғана емес, елінің де жеңісі еді.

Намазалы Омашұлы ағамыз еліміздің маңдай алды оқу орындарындағы қызметтері – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетінің деканы, Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, Журналистика және саясаттану факультетінің деканы сынды жауапкершілігі зор жұмыстарды абыроймен атқарды. Бұрнағы кенжелеп қалған сала – қазақ журналистикасы ғылымын жаңа деңгейге көтерді. Білім ордаларындағы жалпы идеологиялық жұмыстарды қолға алып, студенттерді мамандықпен қатар адамдық тәрбиелеу жағына жете көңіл бөлді. Қадап айтқанда, ұлттық өнер – рухани өрісімізді жас өскін, жаңа ұрпақ бойына егу арқылы студенттерді отаншылдыққа баулу мәселесін жолға қойды.

Қаламгер, ғалым, ұстаз Намазалы Омашұлының биылғы жетпіс бес жасқа толған шақтағы еңбек жолы жайлы сыр шерткенде осындай үзік ойларға кенелеріміз көміл. Оған басты себеп – оның көзқаракты қауымды бейтарап қалдырмайтын өзіне ғана тән жоғарыдағыдай ерекшеліктерімен есте қалатын қасиетке ие өзгеше өмір өрнегі.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары Мектебі Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Журналистика Академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты Намазалы Омашұлы ағаның және биыл ғылыми-педагогикалық қызметіне елу жыл толыпты. Жас ұрпақ үшін өлмейтұғын ісі, өнегелі еңбегі бар салмақты да сарабал ағамызға алдағы уақытта ғибратты ғұмыр кешің деген тілек білдіремін! Ақылман аға, ұлағатты ұстаз тұлғасы биіктей берсін!

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
филология ғылымдарының кандидаты

ОЙТОҒЫС

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Абыл Кекілбаев – Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) Орталық хатшылығында жұмыс істеп, із қалдырған әзірге жалғыз қазақ. Сонымен қатар ол белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың немересі ретінде ата мұрасын ардақтап, шығармашылық жолын жалғап жүрген танымал азамат. Соңғы кездері әлемде әуе апаттарының жиілеп кеткеніне байланысты жолаушылардың қауіпсіздігі, еліміздегі авиацияның даму үрдісі туралы Абыл Кекілбаевпен әңгімелескен едік.

– Абыл аға, сізді оқырмандар атыңызға айналған абыз қаламгер Әбіш Кекілбаевтың немересі ретінде таниды. Шығармашылық ортада өстіңіз, дегенмен авиация жолын тандауыңызға не себеп болды?

– Мен үлкен әжеміз – атамның анасы тәрбиелеген соңғы баласымын. Яғни, Әбіш атам көрген тәрбиені мен де көрдім. Ата-апамыздың екі қызы, екі ұлы болды. Сол бір ұлының баласы менмін. Мені кішкентайымнан өз бауырларына басып тәрбиелеген.

Атамыз былай жаса, былай оқы, мына оқуды таңда деп ешқашан да арнайы тапсырма жүктемейтін. Бірақ мен ол кісі әдейі айтпағанымен, сыртынан бағыт беріп отыратынын өзім сезетінмін. Мысалы, мен кішкентай кезімде азаматтық авиация саласында жұмыс істеймін деп ешқашан ойламадым. Бірақ мектеп бітірерде атам «Бізде басқа саланы қойшы, техникалық мамандықтан өзіміздің мамандарымыз аздау, өзін көріп отырған азаматтық авиация саласынан басқа да техникалық мамандықтарда көбісінде басқа мамандар, сондықтан осы бағытты қарайсың ба?» деп бір-екі ауыз сөз айтқаны бар, соның өзі түсінікті болды. Ол соны өзі ертеден қарап, байқап жүрген ғой. Үйдің қасындағы әуежайдағы ұшақтардың ұшып-қонуын қарап отырғанымды, ұшқыштардың кабинасына сұранып кіретінімді байқап отырған. Шетелде жүргенде әкеме де «арнайы мұражайларға апарып көрсет, көрсін, қарасын» деп айтқан болар. АҚШ-та оқып жүргенде арнайылап Нью-Йорктегі ашық әуежай мұражайына, Вашингтондағы Ұлттық әуе және ғарыш мұражайына апарған. Сол кішкентай кезімнен мүмкіншілігі болғанда осы бағытты көрсетіп отырды. Оны енді-енді түсініп келе жатырмын.

Мен мәдениет саласында болсам, Әбіш Кекілбаевтың аты көмектесетін шығар. Бірақ менің мамандығым техникалық болғандықтан, оқуда жүргенде басқа елдің мамандары келіп оқытатын, оған қоса олар Әбіш Кекілбаевтың кім екенін де білмейтін. Мысалы, мен шетелде жүргенімде, шетелдік сыныптастарым, шетелдік әріптестерім тіпті Қазақстанның қай жерде екенін білмейтін.

Азаматтық авиация саласы мүлдем басқа болғандықтан, атамыздың шығармашылығын білетін адамдар өте сирек кездесетін. Сондықтан менде тегіме қатысты жеңілдік немесе атамыздың атын пайдалануға мүмкіндік болған жоқ.


ЖОЛАУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ӨЗАРА ҚАЙШЫ

Әсіресе, мен Халықаралық азаматтық авиация ұйымына барғанда, ол жерде 193 елден мамандар іріктеуден өтті. Оның ішінде мыңға жуық адам қатысқан, солардың араларынан екі адамды таңдап алған-ды. Бұл халықаралық іріктеу болғандықтан, ол жерде атамыздың не аты, не Қазақстанның орны бөлек екені ешқандай көмек бере алмайды. Ол бір жағынан өзіме де жақсы болды. Себебі кейде атын пайдаланып жүр деп айтуы да мүмкін ғой. Ол жерде кім екенін оларға бәрібір, оларға жұмыстың нәтижелі болуы керек, уақытылы болуы қажет, сапасына қарайды.

– Еңбек жолыңызға келсек, ICAO сияқты беделді ұйымға қалай жұмысқа орналастыңыз? Ол жақта алған тәжірибеңізді елде жүзеге асыра алдыңыз ба?

– ICAO дегеніміз – Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы агенттігі. Сондықтан олар осы ұйымның барлық заңдары мен талаптарына сай жұмыс істейді. Арнайы жас мамандарды даярлау мақсатында ICAO жыл сайын конкурс өткізеді. Мен тапсырған жылы 600-дің үстінде адам тапсырып, оның екеуі осы ICAO-да жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Соның бірі мен, екіншісі қытай азаматы болды.

Өз тәжірибеме келетін болсақ, Халықаралық азаматтық авиация саласы Чикаго конвенциясымен жұмыс істейді. Сол конвенцияда 19 қосымша бар. Соның 15-ші қосымшасы, яғни Аэронавигациялық акпаратты басқару бөлімі маған жүктелді. Менің міндеттеріме осы қосымшаның қайтадан жаңа редакциясын жасау жұмыстары кірді. Оған қоса, аэронавигациялық акпаратты басқару ережелерін жасақтауға өз үлесімді қостым. Осы саланың тағы бір ерекшелігі, мамандар тек бір салада ғана жұмыс істеп қоймай, қосымша бағыттарды да алып жүреді. Қосымша бағыттардың бірі ретінде Performance Based Navigation (PBN) деген жұмысты атқардым. Бұл – азаматтық авиацияда спутниктік технологияларды пайдалануға жұмылдыратын бағыт. Бұдан бөлек, көптеген жұмысты атқаруға



мүмкіндіктер өте көп болды. Олардың бәріне қатысып, кейбір кездері өз ұсыныстарымды айтқан сәттер де болды.

– Халықаралық азаматтық авиация саласындағы мәселелер туралы не айтасыз? Ұшақтың кешігуі халықаралық авиация саласында қалыпты деп санала ма? Кешіккен жағдайда жолаушыларға өтемақы беру жүйесі қарастырылған ба?

– Бұл салада мәселелер жеткілікті. Ең басты мәселелердің бірі – мамандардың жеткіліксіз болуында. Зерттеулерге сүйенсек, 2040 жылы осы авиация саласындағы жұмыскерлер саны екі есеге артады. Қазір азаматтық авиация мамандарды даярлау жұмыстарына ерекше көңіл бөліп жатыр. Ауа райының қолайсыздығы, рейстердің кешігуі сынды түрлі мәселені авиация саласы жіті бақылауда ұстап отыр. Көптеген мемлекетте, әсіресе Еуропалық Одақ елдерінде (ЕО 261/2004 регламенті бойынша), рейстер кешіккен жағдайда жолаушыларға өтемақы төлеу жүйесі қарастырылған. Өтемақы мөлшері ұшу қашықтығы мен кешігу уақытына байланысты болады. Мысалы, 3 сағаттан артық кешіккен рейс үшін жолаушы

өтемақы талап ете алады. ЕО аумағында бұл өтемақы сомасы 250-600 еуро аралығында болуы мүмкін. Ұшақ рейсі мүлде тоқтатылса немесе жолаушыға басқа рейске билет ұсынылмаса, қосымша артық өтемақы төленуі мүмкін. Орталық Азия оның ішінде Қазақстан секілді елдерде бұл мәселе заңдық тұрғыдан нақты бекітілмеген немесе кейде тасымалдаушы компанияның саясатына байланысты болып отыр.

Ұшақтың кешігуі техникалық тұрғыдан қалыпты жағдай деп есептеледі, себебі бұл көбіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін болады. Алайда бұл құбылыстың жиі қайталануы дұрыс емес. Заманауи технологиялар арқылы әуе қозғалысын басқаруды жақсарту, метеорологиялық болжамдарды нақтылау және техникалық қызметті жетілдіру сынды жұмыстар осы мәселені азайтуға көмектеседі.

Авиацияның бұл жердегі басты міндеті – жолаушылар құқығын қорғау деңгейін жақсарту. Елімізде жолаушылардың, тұтынушылардың құқығын қорғау мәселесі бойынша заңнамаға үлкен өзгерістер енгізіліп жатыр. Осыған орай

азаматтық авиация саласындағы кейбір шешімдерді осы заңнамаға сәйкес қарастырылған деп айта аламын. Енді осы бағытта үлкен іс-шаралар, маңызды шешімдер атқарылатынына толықтай сенемін.

— **Ақтауда болған ұшақ апаты жайлы пікіріңіз қандай? Не себеп болуы мүмкін? Апаттың алдын алу үшін қандай шаралар қажет?**

— Ақтаудағы ұшақ апатының барлық жайттарын мемлекеттік комиссия жіті бақылап, жүйелі анықтап жатыр. Бұл Халықаралық азаматтық авиация саласы конвенциясының 13-ші қосымшасы қойған талаптарына сай, белгілі бір жағдайда ресми ақпаратты тек комиссия мүшелері ғана айтуға құқылы. Сондықтан бұл жағдайға алдын ала болжам жасау, комиссияның атқарып жатқан жұмысына баға беру әлі ерте деп санаймын. Талаптарда көрсетілгендей, апат болған кезде 1 айдың ішінде апат себептерін айту

Иә, теориялық тұрғыда ұшақ теңізге қонуы мүмкін, бірақ бұл — өте сирек кездесетін және қауіпті операция. Теңізге сәтті қонған ұшақты мысал ретінде 2009 жылы Нью-Йорк қаласындағы Гудзон өзеніне қонған US Airways рейсін айтуға болады. Дегенмен ол оқиғада ұшқыштар өте тәжірибелі, өзеннің беті тыныш, толқынсыз болғанын және ұшақ басқару жүйесі жұмыс істеп тұрғандығын айта кеткен жөн. Ақтаудағы жағдайды осы оқиғамен салыстыру дұрыс емес, себебі теңізге қонуға қажет барлық шарт болмаған болуы мүмкін.

— **Көптеген зерттеу, статистикалық мәліметтер ұшақты ең қауіпсіз көлік түрі деп айтады. Шынымен де солай ма?**

— Иә, ұшақ — әлемдегі ең қауіпсіз көлік түрлерінің бірі. Азаматтық авиацияда ұшу қауіпсіздігі өте жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі. Ұшақтардың статистикасын алсақ, мысалы, пандемия

әуекомпанияларының техникалық бөлімдері және тәуелсіз инспекторлар бақылайды. Бағалау стандарттары қатаң ережелерге сәйкес анықталады. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, басқа елдердің авиациялық агенттіктері ұшақтарды жіті тексеріп, содан соң ғана жарамдылық сертификатын береді. Ұшуға жарамдылықты тексеру шын мәнінде өте күрделі кезеңдерден өтеді. Сыртқы және ішкі ақаулардан басталып, кабинаның жабдықтарына дейін жалғасады. Бұған қоса толық техникалық тексеріс ретінде ай сайынғы, жарты жылғы не 6-10 жылда бір орындалатын күрделі тексерістерден өткізіледі. Ал ұшуға жарамсыз ұшақтар жөндеу жұмыстарынан өтеді. Егер мүлде жарамсыз деп танылған жағдайда бөлшектері алынып, ұшақ пайдаланудан толық шығарылады.

Ұшу алдындағы дайындық ол әр әуекомпаниясының қауіпсіздігіне байланыс-

ша жаттығулар жасайды. Олар төтенше жағдайларға дайын болу үшін тыңғылықты дайындықтан өткені абзал. Түрлі жағдайда, мысалға, қозғалтқыш істен шыққан кезде, турбулентті жағдайларда ұшақ басқаруды, қону және ұшу кезіндегі қиындықтар секілді жағдайларды меңгереді. Ұшқыштардың жұмысын сапер не хирург мамандықтарымен тең дәрежеде деп айтар едім. Себебі бір сәтте шешім қабылдау, ақылдаса отыра дұрыс нұсқаны таңдау секілді өмірлік маңызды шешімдер осы саланың қаншалықты қиын екенін көрсетеді.

Сондықтан авиация саласында ұшқыштарды дайындау мен қолдау жүйесі ұдайы жетілдіріліп отырады. Бұл шаралар — жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі факторлардың бірі.

— **Дрондар мен автономды әуекөліктері азаматтық авиацияға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?**

— Технологияның дамуымен дрондар мен автономды әуекөліктері (АӘК) азаматтық авиация саласына елеулі өзгерістер әкеліп жатыр. Бұл құрылғылар әртүрлі салада жеткізу, тексеру құралы ретінде қолданылуда. Авиация мамандары мен сарапшылары бұл технологияларды авиацияның болашағы ретінде көреді. Алайда олардың енгізілуімен бірге қиындықтары да бар. Технологияның шарықтаған заманында дрондарды басқару жеңілдеп кетті. Егер дрондарды басқару жүйесінен қате кетсе, соқтығысу қауіптері туындауы мүмкін.

Елімізде де осы дрондарды қолданудың өз ережелері қабылданған. Әскери немесе жекеменшік жабық әуекөліктері бар. Қазакстанда дрондардың дамуы жүк тасымалдау сынды әрекеттермен шектелмеуге тиіс. Геология, геофизика сынды ғылыми салаға да дрондарды енгізуіміз керек.

— **Елімізде авиация саласында маман тапшылығы байқала ма және жас мамандарды тарту үшін не істеу керек?**

— Осы салада елімізде 20 мыңға жуық маман жұмыс істейді. Бірақ сонда да мамандардың жетіспеушілігі көрінеді. Көбінесе ұшқыш, техникалық инженер секілді мамандар аздық етеді. Менің ойымша, осы бағыттағы мамандарды даярлаудың мемлекеттік тұрғыда бөлек саясаты болуы керек. Себебі біздің мамандар халықаралық кадрлардың арасында жүргендіктен, басқа шетелдік компанияларға тартылып жатыр. Өз еліміздің білікті инженер, ұшқыштардың бірқатары шетелде жұмыс атқарып жатыр. Сондықтан отандық ұшқыштарды сапалы даярлау үшін оларға жағдай жасауымыз қажет.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Әсет ҚАЛИ

МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ КЕЛМЕУГЕ ТИІС

керек. Одан бөлек, 1 жылдың ішінде апаттың толық, жан-жақты тергеу жұмыстарын жүргізіп, нәтиже шығару қажет. Тергеу жұмыстары біреуді айыптауға, темір торға қамауға бағытталмаған.

Осыдан 5 жыл бұрын «Бек Эйр» әуекомпаниясының Алматыдағы апаты кезінде қорытынды құжатта апаттық себептердің бірі ретінде зансыз салынған ғимараттар деп көрсетілген. Ғимаратты салуға рұқсат берген адамдар жазаланса да, әлі күнге дейін бұл ғимарат өз орнында тұр. Осындай кейбір мәселелер еліміздегі тәртіп жүйесінің әлсіз тұстарын көрсетеді.

— **Өзіңіз білетіндей, ұшақ құламастан бұрын Каспий жағалауын айналып ұшып жүрді. Халық неге теңізге қонбады деген пікір айтты. Техникалық тұрғыда бұл мүмкін бе еді?**

— Біріншіден, авиацияда ұшқыштардың шешіміне мүлде күмән келтірмейді. Өйткені сол сәтте ұшақтың ішінде не болып жатқанынан ешқандай хабарымыз болмағандықтан, оларға еш айып таға алмаймыз. Сондықтан апаттық жағдайларда ұшқыштар қай жерге қонуын өздері шешеді. Керісінше, ондай кезде біздің тараптан қолдау көп беріледі. Негізінде ұшақты суға қондыру өте қауіпті болып саналады. Бірнеше себепті атап өтуге болады. Әлемде коммерциялық ұшақтардың көбісі суға қонуға бейімделмеген, тіпті арналмаған десек те болады. Мұндай жайт суға қонған кезде ұшақтың бөлшектенуіне, кейбір қозғалтқыштардың суға түскен бетте өртенуіне алып келуі әбден мүмкін. Бұдан бөлек, судың деңгейі де маңызды рөл атқарады. Теңіз толқындары биік не су деңгейі төмен болса, қону мүмкіндігі қиындай түседі. Әрине, жолаушылардың қауіпсіздігінсіз бұл әдістер орындалмайтыны рас. Теңізге қонған сәттен бастап-ақ эвакуациялаудың қаншалықты жүйелі әрі тез екендігін бақылау оңай шаруа емес. Теңіз терең болғандықтан ұшақтың бату қаупі лезде ұлғаяды.

кезінде ұшақ апаттары өте сирек кездескен болатын. Тіпті, кейбір жылдары апат саны мүлде тіркелмеген.

— **Ел арасында ұшақтар демалыссыз қызмет көрсетеді деген пікір бар. Ұшақтарды қаншалықты жиі техникалық тексеруден өткізеді және ұшу алдындағы дайындық қалай жүргізіледі?**

— Әуекөліктері қауіпсіздікті сақтау үшін үздіксіз жұмыс істеуі қалыпты дүние. Ұшақтардың ұшу жарамдылығы бар немесе жоқ деп екі түрін атап өткім келеді. Ұшақтардың жарамдылығы тексерілетін бірнеше кезең мен жүйе бар. Бұл тексерістерді авиациялық ұйымдар,


ты құрылған. Өздерінің белгілі техника мамандары қауіпсіздікті әр түрлі бақылаудан өткізеді. Егер де қандай да бір күмән туғызатын шикіліктер кездесе, ұшақтың ұшуға жарамсыз екені белгілі болады.

— **Ұшқыштардың тәжірибесі мен психологиялық жағдайы апаттардың алдын алуда қаншалықты маңызды?**

— Авиация саласында қауіпсіздік — ең маңызды басымдықтардың бірі. Ұшақтарды басқаруда жоғары технологиялар қолданылғанымен, ұшқыштардың кәсіби деңгейі мен психологиялық тұрақтылығы шешуші рөл атқарады. Ұшқыштар үнемі ұшу тренажерларында түрлі саты бойын-



Ұшақтың кешігуі техникалық тұрғыдан қалыпты жағдай деп есептеледі, себебі бұл көбіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін болады. Алайда бұл құбылыстың жиі қайталануы дұрыс емес. Заманауи технологиялар арқылы әуе қозғалысын басқаруды жақсарту, метеорологиялық болжамдарды нақтылау және техникалық қызметті жетілдіру сынды жұмыстар осы мәселені азайтуға көмектеседі.



АЛАҢ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБИ

Қазір әлем АҚШ-қа көз тігіп отыр. Бірер күннен соң жаңадан сайланған президент Дональд Трамп ресми түрде қызметке кіресі. 2024 жылдың қарашасында өткен сайлауда жеңіске жеткен соң Трамптың жаһан саясаткерлерінің біразын алаңдатып, медианы ұлардай шулатқаны бар. Канаданы АҚШ-тың 51 штаты ретінде көргісі келетінін айтты, Данияның иелігіндегі Гренландия аралын өз еліне қосып алғысы келетінін мәлімдеді. Панама каналын тұтас бақылауда ұстау керек екенін алға тартты. Украинадағы соғысты бірер тәулікте тоқтатуға уәде бергенімен, кейін сөзі сұйылып кетті. АҚШ-тың жаңа президентінің командасы жанжалды 100 күн ішінде реттейтінін айтып жүр. Әйтеуір, әлемдегі №1 елдің ендігі саясаты көптің көңілін алаңдатып қойғаны рас. Әсіресе, Трамптың кейбір мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін мансұқтаған сыңайдағы пікірлері елең еткізді. Бәлкім, олар заманауи саясаттың ажырамас бөлігіне айналған хайп қуу да, электораттың назарын аударып, медиаға «азық» үшін айтылған пікір болуы да мүмкін. Дегенмен АҚШ-тың жаңа президенті мәлімдемелерінің астарына үңілгеннің артықтығы жоқ.

Аіқун газетінің редакциясы да «Алаң» айдарында отандық сарапшыларға бірқатар сұрақ қойып, алып ел басшысының айтқандарының астарына үңілді.

– Трамп Гренландияға, Канадаға, Панамаға қатысты әлеуметтік желілерде өз ұстанымын жариялағанын білеміз. Оның бұл ұстанымдары президент қызметіне кіріскен соң өзгертуі мүмкін бе? Өзгермесе мәселе қалай өрбуі ықтимал?

Абай АБЫЛАЙҰЛЫ,

PhD, Maqst Narikbayev University Халықаралық құқық оқу бағдарламасының басшысы:



– Трамптың бұл елдерге соғыс ашуы екіталай, өйткені ондай жағдайда АҚШ Ресеймен бір деңгейде екендігін көрсетеді. Яғни, АҚШ әлемдік саясаттағы және қауіпсіздіктегі рөлі мен орнынан өз еркімен бас тартады дегенді білдіреді. Трамптың бизнесмен екенін ескерсек, оның сөздері нақты қауіптен гөрі келіссөз тактикасына ұқсайды. Яғни, келіссөз жүргізер алдында өз серіктесін оның бағдарынан айыру және оны ыңғайсыз жағдайда қалдыру арқылы өзінің нақты мақсаттарына жету үшін қолданылатын тактика деуге болады. Оның нақты мақсаты қандай? Бұл – АҚШ экономикасының аумағын кеңейту және Қытайдың әлемдегі өсіп бара жатқан саясатын тежеу. Қытайдың экономикалық қуатының артқаны соншалық, олардың қазір барлық жерде мүдделері бар. Егер Гренландиядағы кеме жолы өміршен болатын болса, ол аумақта Қытайдың бой көрсетуі алыс емес. Бұл жерде Канаданың қатысы қандай десек, Канаданың Гренландияға барар жолда жатқандығында, яғни Гренландия төңірегіндегі сауда жолдарында АҚШ бизнесіне артықшылықтар алу қажет, ол үшін Канадамен келіссөздер жүргізу керек. Панамаға келер болсақ, қытайлық компаниялар Панама каналының екі шетіндегі порттарды басқарады. Тиісінше, Трамп тактикасы, ол агрессивті келіссөздер арқылы АҚШ-тың осы аумақтарда әскери қатысуын сақтап, терендетіп, қамтамасыз ету болып табылады деген сөз.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ,
саясаттанушы:



– Трамптың Канада, Панама каналы мен Гренландия аралына қатысты ұстанымы экономикалық-саяси келіссөздер аясында жалғасады. АҚШ президенті әскерді қолдану мүмкіндігін жоққа шығармаса да, бұл келіссөз алдындағы қысым көрсету тетігінің бірі деп санаймын. Яғни, шынайы жағдайда әскери әрекетке көшуі екіталай. Гренландия мен Дания

аралдағы АҚШ-тың әскери үлесінің артуына келісуі мүмкін. Онсыз да аралда АҚШ-тың әскери нысандары бар. Бұл – ресурстық тұрғыдан бай аралды бақылаумен қатар, Арктика үшін күрестің де бір көрінісі. Канадаға қатысты ұстанымы да дәл солай. Ал Панама каналына қатысты көзқарасын аймақтағы Қытайдың үлесін азайтуға бағытталған бір әрекет ретінде қарастыруға болады. Панамада Қытай компанияларының саны артты және олар каналды қолдануда АҚШ-қа қарағанда салықты аз төлейді. Әрине, бұл – бәсекелесуші державалар арасындағы экономикалық соғыстың бірі көрінісі. Логистикалық тораптарды бақылау маңызды саналады. Мейлі ол – Суэц арнасы, мейлі ол Панама каналы немесе қандай да бір ірі порттар болсын. Оның үстіне, Панама аралының құрылысын АҚШ іске асырып, кейін оны



Трамп билікке келген соң АҚШ-тың сыртқы саясаттағы бірден-бір бағыты олардың өз сөзімен айтқанда, «Қытайдың экономикалық экспансиясын» тежеу, Қытайдан келетін тауарларға салықты 60%-ға дейін көтеру болмақ. Осыған дейін бұл ұстаным тек сөз жүзінде болса, қазір Трамп командасы мұндай саясат ұстанатынын ресми мәлімдеп жатыр әрі нақты әрекеттерінен байқалады.

Панамаға бергенін білеміз. Сол себепті де Трамп каналға Қытайдың емес, АҚШ-тың ықпалы көбірек болуға тиіс деп санайды. Аталған мәселелер бойынша Трамп әкімшілігі тарапынан экономикалық-саяси қысымдар жасалуы мүмкін. Салықты арттыру, тарифтерді көтеру, халықаралық ұйымдар арқылы қысымды күшейту деген сияқты. Алайда әскери әрекетке көшуі екіталай деген ұйғарымдамын. Әскери әрекет қауіпті прецедентті тудырады еді. Себебі аталған аймақтарды Трамп «АҚШ-тың ұлттық мүддесі үшін қажет» деп мәлімдеуде. Бұл ұйғарыммен алатын болсақ, Ресейдің Украина мен Кавказдағы әрекетін немесе Қытайдың оңтүстік-шығыс Азиядағы іс-қимылдарын тура осы тіркеспен ақтап алуға болады. Сол себепті де қазірдің өзінде Трамптың бұл мәлімдемелері қауіпті прецедентке айналып кетуі ықтимал. Трамп әкімшілігі оны жақсы түсінеді және Канада, Гренландия және Панама каналындағы мүддесін әскери емес тәсілмен іске асыруға тырысады деп ойлаймын.



TRUMP 2.0:

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, халықаралық қатынастар бойынша PhD. Тұран университеті:



– Жалпы, АҚШ президентінің ресми билікке кіріспей тұрып қатқыл мәлімдемелер жасауы, Орталық Америкадағы Панамаға қатысты немесе Канаданы 51 штат ретінде қосып алу, Данияға тиесілі Гренландия аралына байланысты мәлімдемелері бүкіл әлемде талқылашып жатыр. Менің ойымша, бұл мәлімдемелердің барлығында, Канаданы айтса да, Панаманы айтқан кезде де, Данияны атап өткенде де, сол аймақтағы Қытайдың ықпалын меңзеп отыр. Себебі соңғы он жылға жуық уақытта, айталық 2016 жылдан бастап Панама аймағында Қытайға тиесілі сауда кемелерінің, аймақтарының саны артқан. Ал соңғы зерттеулерге қарағанда, атап айтқанда PwC research орталығының зерттеуі бойынша Қытайдан келетін студенттер мен мигранттар саны және ықпалы Канаданың провинцияларында артып келе жатыр. Сондықтан Трамптың «Канаданы қосып аламыз, Панаманы толықтай АҚШ-қа қайтарамыз» деген мәлімдемелері менің ойымша, Солтүстік және Орталық Американы Қытай ықпалынан арылтуға бағытталған қадам деп ойлаймын. Трамп билікке келген соң АҚШ-тың сыртқы саясаттағы бірден-бір бағыты олардың өз сөзімен айтқанда, «Қытайдың экономикалық экспансиясын» тежеу, Қытайдан келетін тауарларға салықты 60%-ға дейін көтеру болмақ. Осыған дейін бұл ұстаным тек сөз жүзінде болса, қазір Трамп командасы мұндай саясат ұстанатынын ресми мәлімдеп жатыр әрі нақты әрекеттерінен байқалады. Айталық, Марко Рубионың мемлекеттік хатшы болып тағайындалуы Ақ үйдің алдағы 5 жылда Қытайға байланысты қатқыл дипломатия ұстанып, қатаң саясат жүргізетінін көрсетеді. Себебі Марко Рубио кезінде Қытайдың «қара тізіміне» енген, 2019 жылы Гонконгта болған ереуілге қатысушы белсенділермен АҚШ-та кездескен дегендей бірқатар мәліметтер бар. Сондықтан билікке келген соң Канадаға қатысты, Данияның Гренландия аралына байланысты мәселелер ұмытылады. Оның негізгі жүзеге асыратын мәселесі экономикалық экспансия болады деп ойлаймын.

Трамптың алғашқы билік еткен кезені мен екінші мерзімін салыстырар болсақ, алғашқыда ол изоляциялық саясат жүргізсе, екінші билік ету кезені басталмай тұрып-ақ экспансионистік мәлімдемелер жасап жатыр. Бұл оның алдағы 5 жыл көлеміндегі әрі президент ретінде қызмет атқаруының соңғы мерзіміндегі негізгі ерекшелігі болады деген пікірдемін.

АЛАҢ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

– БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі тұрақты мүшелерінің (АҚШ, РФ) ұйымның басты қағидаларының бірі саналатын аумақтық тұтастық мәселесіне күмән келтіре бастауының салдарын қалай болжайсыз?

Абай АБЫЛАЙҰЛЫ:

– Шиеленіскен геосаяси жағдайдың бастамашысы болған елдің кім екені және ол елді кімдер қолдап отырғандығы АҚШ пен Еуропаға анық. Еуропа тиісті қауіпсіздік кепілдігін алу үшін АҚШ-тың белгілі бір талаптарына көнуге тиіс. Тиісінше, шиеленіскен геосаяси жағдайды пайдалана отырып, ушыққан жағдайдың бастамашысы мен қолдаушыларына қарсы санкциялық режимдерді қолдана отырып, АҚШ бірінші кезекте өзінің экономикасына жаңа серпін бермекші – әлемдік қауіпсіздікті экономикалық артықшылықтар алу арқылы қамтамасыз етпекші. Яғни, бір оқпен екі қоянды атып алмақшы.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ:

– Әлемдегі аумақтық тұтастықтың бірден-бір кепілі БҰҰ жарғысы саналады. Оны Қауіпсіздік кеңесіндегі



станға экономикалық, әскери және адами ресурстар қажет. Санкциялық жағдайды, инфляцияның деңгейін, геэкономикалық ахуал бізге тәуелді емес екендігін ескерсек, біздің экономикалық күш халықаралық құқық негіздерін шайқау әрекеттерін тежеуге жеткіліксіз. Әскери әлеуетіміз де жетпейді. Себебі әскеріміз көбіне кеңестік/ресейлік қару-жаракпен қамтылған, әскерді дайындау тактикамыз да соларға негізделген. Адами ресурстарға келер болсақ, халықаралық құқық негіздерін шайқау әрекеттеріне қарсы тұру халықаралық құқықтық аргументация беретін білікті мамандарды талап етеді.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ:

– Өкінішке қарай, геосаяси ойындардың ережелерін үнемі ірі державалар анықтап келді. Бұл қырғи-қабақ соғыс кезеңінде де, одан кейін де солай болды. Алайда «орта державалардың» рөлін арттыру идеясы ірі державалар арасындағы қалыңыстардан бейтарап саясат ұстану мүмкіндігін туындатуы ықтимал. Мысалы, қырғи-қабақ соғыс кезеңінде үшінші елдер деген болды. Ол өзара жауласушы екі саяси лагерьге де қосылмай, бейтарап саясат ұстанған елдер еді. Қазіргі «орта держава» идеясы геосаяси қалыңыстарға араласпай, бейтарап позиция ұстануға мүмкіндік туындатса, Қазақстан үшін сол тиімді. Өйткені ірі державалардың халықаралық құқықты бұзу әрекеттерін тежей алмасақ та, халықаралық құқығы бұзылған елдің біріне айналып кетпеу біздің негізгі ұстаным деп санаймын.

ҚАТАҢ ДИПЛОМАТИЯ, ҚАТҚЫЛ ҮН

барлық бес ірі держава мойындаған. Алайда өздерінің іс-әрекеттері және мәлімдемелері арқылы «аумақтық тұтастық» принципін жою әрекеттеріне куә болып отырмыз. Бұл әрине, кіші мемлекеттер үшін қауіпті процесс. Ең алдымен, бұл БҰҰ-ның құлдырау кезеңі деген сөз және ұйымға терең реформаның қажеттілігін көрсетуде. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі veto құқығын қолдану алаңына айналып кетті және әлемдегі әскери, экономикалық, әлеуметтік дағдарыстарды шеше алмауда. Қауіпсіздік кеңесінің бұл дағдарысы әлемдегі қалыңыстар ошағын арттыра бермек. Сәйкесінше, терең реформа жасалу керектігі жиі айтылуда. Ірі державалардың БҰҰ жарғысын ысырып тастауы өткен ғасырдағы Ұлттар Лигасының құлдырау алдындағы көрінісіне ұқсас. Қауіптісі сол, Ұлттар Лигасының принциптерін ұстанбаған державалар екінші жаһан соғысының басталуына себепкер болды. Сондықтан да бүгін Ресей мен АҚШ қандай да бір мемлекеттің аумақтық тұтастығына құрметпен қарамаса, онда әлемдік деңгейде Үндістан, Қытай және өзге елдер де бұл әрекетті ерте ме, кеш пе қайталайды. Себебі державалар өзара тежеуіш саясатын ұстанады. Ал аумақтық тұтастыққа құрметпен қарамау – сол саясаттың бұзылуының алғашқы көрінісі.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ:

– БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі ғана емес, тұтас БҰҰ үлкен дағдарыс кезеңін бастан кешіріп жатыр. Қауіпсіздік кеңесі Украинадағы, Сириядағы, Ауғанстандағы, Палестина мен Израиль арасындағы және өзге аймақтардағы ұзаққа созылған қалыңыстарды тоқтатып, мәселені шешу түгілі, оларға нақты бір ұсыныс жасауда да әлсіздік танытып келеді. Менің ойымша, алдағы 5 жылда БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мүшелерінің арасындағы конфронтация тіптен арта түседі. Тайвань, Украинадағы соғыс тәрізді мәселелер ушыққан, Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты бес мүшесінің арасындағы қарама-қайшылық күшейген сайын БҰҰ-ның халықаралық саясаттағы ықпалы да төмендей береді деп ойлаймын. Сондықтан бұл барлық елдердің өкілдері айтып жүрген БҰҰ-ны алдағы уақытта реформалауға негіз болады.

– Қазақстан Президенті ұсынып жүрген «орта державалардың рөлін» арттыру идеясы супер державалардың халықаралық құқық негіздерін шайқау әрекеттерін тежей ала ма?

Абай АБЫЛАЙҰЛЫ:

– Қазақстан өзін «орта держава» ретінде санаған күннің өзінде де, бізді солай таныған күннің өзінде де, бұл статусты іс жүзінде дәлелдеуі қажет. Ол үшін Қазақ-

Қазіргі «орта держава» идеясы геосаяси қалыңыстарға араласпай, бейтарап позиция ұстануға мүмкіндік туындатса, Қазақстан үшін сол тиімді. Өйткені ірі державалардың халықаралық құқықты бұзу әрекеттерін тежей алмасақ та, халықаралық құқығы бұзылған елдің біріне айналып кетпеу біздің негізгі ұстаным деп санаймын.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ:

– Қазақстан 2022 жылдан бастап «орта державалар» қатарында. Көптеген мақалалар жарияланды. Президенттің өзі былтыр қыркүйек айында Сингапурға жасаған сапарында Юсоф Исах атындағы Оңтүстік шығыс Азия зерттеу институтында (ISEAS) лекция оқыды. Сол лекциясында Қазақстанның және «орта державалардың» жалпы әлемдік саясаттағы маңызы туралы атап өткен болатын. Жалпы, «орта держава» елдерінің негізгі уәжі «ірі державалар бір-бірінің мүддесіне қайшы келіп, ортақ шешім табуының орнына бір-бірімен қалыңысып жатқанда әлемдегі жауапкершілік «орта державаларға» жүктеліп отыр» деген ұстанымға негізделген. Дегенмен «орта держава» ұғымы толығырақ зерттелуі, оның нақты критерийлері анықталуы керек деп ойлаймын. Ол дипломатиялық тұрғыда ма, экономикалық немесе технологиялық тұрғыда ма, қалай анықталады, сол тұсына назар аударылуға тиіс. Десе де, «орта держава» елдерінің ықпалы арта беретін болады. Мейлі ол Орталық Азия аймағында болса да, тұтас Еуразия құрлығында болса да солай.

**Дайындаған
Амангелді ҚҰРМЕТ**



КӨКЖИЕК

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Мойындау керек, қазір кітапқа, мерзімді баспа-сөзге карағанда әлеуметті қамтуы жағынан киноның әлеуеті басым. Кинотуындының адамның сана-сезіміне, мінез-құлқына және ой-өрісіне әсер етуде мән-маңызы жоғары. Киноны дұрыс мақсатта пайдалана алсақ, ел-жұртты стратегиялық мақсаттарға жұмылдырып, биік белестерді бағындыруға болады. Сондықтан киноны өнер ретінде ғана емес, әлемді және өмірді танудың көркем тәсілі, ұлттық бет-бейнемізді дәріптейтін құрал ретінде бағалауымыз керек.

Рас, Алаштың біртуар ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлы ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының күреске толы тағдырының бізге мәлім де беймәлім қырларын паш еткен «Соңғы үкім» толықметражды тарихи драмасы, көрнекті қайраткеріміз Міржақып Дулатов туралы түсірілген «Міржақып. Оян, Қазақ!» көркем фильмі жастардың патриоттық рухын асқаттатты. Академик Қаныш Сәтбаевтың өмірі туралы түсірілген «Қаныш. Қазына» тарихи телехикаясы, мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенов бейнеленген «Тайталас» фильмінің тәлім-тағылымы ерекше, көрерменнің тарихты және тұлғаларды тануға деген ықыласын арттырды. «Абай жолы» романы қалай жазылғаны суреттелетін тарихи телехикая, «Қорқыт» биографиялық телехикаясы өткенімізді білуде маңызды рөл атқарады.

Көнілімізге осындай санаулы кино туындылар жылу береді. Бірақ теңізге тамған тамшыдай аз ғана фильмдер тұтас халқымыздың рухын байытып, отаншылдық қасиетін шыңдауға жетіспей жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстарға сергектікпен қарап, стратегиялық мән беру маңызды. Онсыз жаһанданған әлемде ұлттық кодымыздан айырылып қалу әп-сәтте...

Мұны неге айтып отырмын?! Қазіргі көптеген отандық кинода ұлтсыздандыру идеясы басым, дақпырт пен даракылықты дәріптейтінін көріп жүрміз. Әсіресе, фильмдердің тіліндегі әлеуметтік-лингвистикалық мәселелер қатты толғандырады.

Қазақ тіліндегі киноның тілі көркем, шұрайлы, ана тіліміздегі сөз саптаудың үлгісіне лайық болуы тиіс. Кенестік кезеңнің өзінде қазақ фильмдері осы талапқа жауап берген еді. Өкінішке қарай, қазіргі қазақ киносының тілі туралы жағымсыз сыни пікірлер, қарсылыққа толы ашу-ыза белен алуа.

Қазіргі қазақ киносында тіл мәселесі тым өзекті екені жасырын емес. Себебі атауы қазақша болғанымен, кейіпкерлері таза қазақ тілінде сөйлемейтін, тілі алашұбар, жеңіл әзіл мен арзан күлкіге құрылған, анайы сөздер мен азғындыққа толы фильмдер көбейді. Бұл үдеріс осылай жалғаса берген жағдайда таяу уақытта таза қазақ тілінде түсірілген киноны таппай қалуымыз да мүмкін...

Қазіргі қазақ киносының ұлттық сипат алуына, ұлттық дүниетанымды танытуына және ұлттық мәдениет пен тілдің кең құлаш

ҰЛТТЫҚ - КИНО ИДЕОЛОГИЯ ҚҰРАЛЫ

Жаһанданған заманда ұлттық болмыс пен қасиетті сақтап, елдікті сақтаудың жолында бірлікті бекемдеуіміз қажет. Ұлттық өткенінен тағылым алып, келешегін бағамдауда киноиндустрияны рухани құралға айналдыру маңызды. Озық елдердің тәжірибесінен осыны көруге болады. Рас, кино – идеологияның негізі. Қазіргі отандық фильмдерді ұлттық таным-түсінік тұрғысынан бағамдасақ көпшілігінің сапасы сын көтермейді.

жаюына тәуелсіз елімізде еш кедергі жоқ. Солай болса да шетелдің жат ұғымын насихаттайтын, көркемдік деңгейі ұлттық таным-мысызбен сәйкес келмейтін «көркем фильмдер» өскелең ұрпақтың рухани талғамына кері әсер етуде. Әсіресе, орынсыз айтылған олқы сөздер санаға сіңіп жатқаны жалған емес. Қисынсыз сөз қасиетті тілімізді қорлап жатқандай көрінеді. Ұлттық мәселелерді шешу мақсатында мұндай қалыбы қисық әрекеттерге тыйым салатын мезгіл жеткен сияқты. Өркениетті елдерде ұлт мәртебесімен және халықаралық беделімен үнемі бірге қарастырылатын тіл тазалығы үшін күрес тілдің мәдениеті үшін де күрес екені белгілі.

Қазіргі қазақ киносындағы қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуын, жаргондар мен сленгтердің жиі кездесуін көрерменнің бір тобы реалистік көрініс ретінде қабылдаса, енді бір тобына осындай көрініс қазақ тілінің тазалығын бұзатындай әсер қалдырады. Мұндағы соңғы топтың алаңдауы мен жанайқайы өте орынды. Өйткені көптеген кино және телебағдарламалардағы жаргон, сленг және аралас тіл қолданысы қазақ тілінің тазалығын сақтауға зиянын тигізуде.

Ұлы жазушымыз Ғабит Мүсіреповтің «Тіл – са-лақ сөйлегеннен бұзылады» деген тағылымы бар. Қалай тауып айт-

тілдік нормаларын әбден жоғалтуы мүмкін. Мұндай жағымсыз жағдай қазақ тілін үйренуге талаптанған тұлғалардың да тілдік дағдыларына теріс ықпал етері анық.

Тіл – халықтың табиғатымен, болмысымен, дүниетанымымен үйлесіп жатқан, ғасырлар бойы жинақталып, құрылымға ие болып қалыптасқан коммуникация құралы. Тілдік нормаларды сақтай отырып, кірме сөздерді ұлттық ерекшелікке сай айналдыра алса, онда кемелденіп, тірі ағза сынды дами береді. Ал тілдерді араластырып сөйлеуді жалғастыра берсе, жасанды тілге айналатыны хақ. Әлемде поляк ғалымы,

туындайды. Белгілі бір жағдаятпен ғана шектелген коммуникативтік қызмет атқаратын қосалқы тіл сөйлеушінің ешқайсысына ана тілі болып саналмайды. Тарихта оған мысалдар жеткілікті.

Қазіргі қазақ киносының тіліндегі әлеуметтік-лингвистикалық мәселені шешу біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндет саналады.

Бұл ретте отандық кино өнімін идеологиялық тұрғыда бақылап, кино түсіру саласына мемлекеттік лицензиялауды енгізу өте маңызды. Сондай-ақ кино мен телеиндустриядағы тілдік мәдениет мәселесін реттеу мақсатында ұлттық кино және сахна тілін



Елшар ҚАБА (қолжазба)

Тіл – халықтың табиғатымен, болмысымен, дүниетанымымен үйлесіп жатқан, ғасырлар бойы жинақталып, құрылымға ие болып қалыптасқан коммуникация құралы. Тілдік нормаларды сақтай отырып, кірме сөздерді ұлттық ерекшелікке сай айналдыра алса, онда кемелденіп, тірі ағза сынды дами береді.

қан десеңізші! Қазіргі қазақ киносына қарата осы сөзді айтуға әбден болады.

Әрине, мұның артында режиссерлер мен киносценаристердің киноны көрілімді етіп, қыруар қаржы жинаймыз деген мұраты тұрған шығар. Бірақ уақыт өте келе, мұндай аралас тіл жастардың ана тілі ретінде орнығады. Салдарынан аралас тіл ұрпақтан ұрпаққа қолданылған сайын ана тілі ролін атқарып, тіліміздің бастапқы құрылымы өзгеріске ұшырайды. Осылайша, қазақ тілі өзінің ғасырлар бойғы таза нұсқасынан алыстап, күрделі

лингвист Людвик Заменгоф құрастырып шыққан «эсперанто» деп аталатын жасанды тіл бар.

Ұлы Абай «Тіл өнері дертпен тен» дейді. Қазір ана тіліміздің тазалығын сақтауға мән бермесек, ғасырлар бойы Ұлы дала елінде салтанат құрған баба тілінен айырылып қалу қаупі бар.

Мұны айтып отырғанымыздың себебі, қазіргі қазақ киносындағы қалыптасқан аралас тіл әлеуметтік лингвистика саласында тілдік араласулардың бір түрі ретінде қарастырылады және бұл үдерістер нақты әлеуметтік-мәдени факторлар әсерінен

қадағалау функциясын енгізумен бірге, қазақ киносының тілін көркем әдеби стильге негіздеп, көркем фильмдерді тек бір тілде, яғни мемлекеттік тілде түсіруді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазақ тілінде кино түсірушілерге арнайы тілдік курстар өткізудің де артықшылығы жоқ деп санаймын. Кенжелеп қалған кино сыны саласын жетілдіріп, әр жаңа фильмге қатысты кәсіби мамандардың сыни пікірін жариялайтын арнайы журналдар шығарудың да маңызын түсінеміз. Бастысы, мемлекеттік тапсырыс аясындағы киноның барлығын мемлекеттік тілде түсіруді заң нормаларымен айқындау аса маңызды.

Қысқасы, ұлттық кино ұлттық идеология өзегі екенін ұмытпайық.

Руслан РҮСТЕМОВ,
Парламент Сенатының депутаты

ТҮЙТКІЛ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Биылғы жылды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл туралы Мемлекет басшысы жаңажылдық құттықтауында да қайталап айтып, жұмысшы мамандарының абыройын көтеру керек екенін атап өтті.

Осы атаулы жыл аясында Үкіметтің тапсырмасына сәйкес, республика бойынша бірқатар жұмыстар атқарылады деп күтіліп отыр. Тек жылдағы әдет бойынша құр сөз бен жалаң ұранға айналмаса болғаны. Себебі жұмысшы топ – бұл экономиканың негізгі тірегі деуге болатын жауапкершілігі үлкен топ.



ЖЕТТІК ПЕ ҚАДІРІНЕ

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан
облысы

ЖҰМЫСШЫНЫҢ?

Еліміздегі зауыттар мен ірі өндіріс ошақтарында жүрген қанша адам бар. Бір күн электрліктер жұмысқа шықпай қалса не болар еді? Ал қоғамдық көлік жүргізушілері мен көшені қардан тазалайтындар апталап жұмысқа шықпай қойса қайтеміз? Айтпақшы, Оралда осыған ұқсас жағдай болды. Қантар айының 8-і күні Орал қаласындағы 35, 3, 14, 52, 51 автобустар линияға жұқпай қалды. Себебі автобус жүргізушілері жұмысқа шығудан бас тартқан. Жүргізушілердің зейнетақы қоры мен медициналық сақтандыру секілді әлеуметтік төлемдері 7 айдан бері аударылмаған. Медициналық сақтандыру, зейнетақы қорына түсетін қаржының уақытылы түспеуі кесірінен жұмысшылар қажет кезде үй алатын несие де рәсімдей алмай қалыпты. Ал «басы ауырып, балтыры сыздағандарды» емханалар маңына да жолатпайтын көрінеді. Себебі тиісті төлем төленбеген.

— Бізге күнде құр уәде береді. Кеше кешкісін басшылыққа, қала әкімдігіне жұмысқа шықпайтынмыз туралы айттық. Мен үй кезегі келіп, әбден банктен несие рәсімдер сәтте бір-ақ білдім. Зейнетақы қорыма мүлдем ақша түспепті. Жеті айдан бері жұмыссыз адам секілді болып қалдым. Мұнда жігіттер ауырып жүр. Қазір тұмаудың уақыты. Бірақ емханаға қарала алмай жатыр. Себебі медициналық сақтандыру қорымызға да ақша түспеген. Біз тиісті төлемдер уақытылы түспейтініне наразымыз. Еңбекақы онсыз да кешігіп беріледі, біз оған үйреніп кеттік. Еңбек демалысы дегенді білмейміз. Біздің шыдамымыз таусылды, — дейді қоғамдық көлік жүргізушілерінің бірі Нұрбек Таженов.

Қаладағы он шақты автобус жұмысын тоқтатып, қала тұрғындары жұмысынан кешікті. Жұмысшылармен кездесуге Орал қаласының әкімі Мұрат Байменов өзі келді. Әкім олармен кездесіп, қажетті төлемдер уақытылы аударылатынын, ол үшін қалалық әкімдік мердігер компанияға субсидияның қажетті мөлшерін

аударатынын жеткізді. Осыдан кейін барып жұмысшылар жұмысына кірісіп, қаладағы жолаушы тасымалы жанданды.

Бұл біз куә болған алғашқы жағдай емес. Өкінішке қарай, жалақылары уақытылы төленбейтін, еңбегі еленбейтін адамдардың бірі – жұмысшылар тобы.

2024 жылы БҚО Еңбек инспекциясына 1 248 өтініші түскен. Өтініштердің дені сол жалақы дауы, еңбек қауіпсіздігі, еңбек демалысы ақысының дұрыс төленбеуі секілді жайттарды қамтиды. Еңбек инспекциясы былтыр 117 мекемеде тексеріс жүргізген. Осының нәтижесінде 137 заңбұзушылық анықталып, 83 адам жауапкершілікке тартылған. Ал жұмысқа алып, еңбек келісімшартын жасамаған 5 факт тіркеліпті. Бұл тіркеліп отырғаны, тіркелмегені қаншама? Себебі құрылысшылар, дәнекерлеушілер, даяшылар секілді қарапайым жұмысшылардың көбі еңбек келісімшартынсыз жұмыс істейді. Жұмыс беруші тіпті бұлармен шартқа отыру керек дегенді ойына да алмайды.

— Азаматтарды заңсыз жұмысқа алудың тигізетін кері әсері көп. Бұл жұмыс берушіге де, жұмыс істейтін тұлғаға да теріс әсер етеді. Мәселен, жалақы мөлшерінің тұрақсыздығы, жұмыс беруші оны өз қалауы бойынша азайтуы мүмкін, ал еңбек шартында еңбекке ақы төлеу мөлшері мен өзге де шарттар нақты көрсетіледі. Жұмыс беруші зейнетақы қорына жарналар аудармайды, бұл азаматтың болашақта алатын зейнетақы мөлшеріне теріс әсер етеді. Әлеуметтік аударымдар және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар жасалмайды. Жұмыс істеген кезеңі еңбек кітапшасына тіркелмейді. Міне, осындай қиындықтармен кездесетін азаматтар баршылық. Біз басқарма тарапынан үнемі азаматтардан өз құқығын қорғап, еңбек заңнамасының орындалуын талап етуді сұрап келеміз, — дейді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша депар-



2024 жылы БҚО Еңбек инспекциясына 1 248 өтініш түскен. Өтініштердің дені сол жалақы дауы, еңбек қауіпсіздігі, еңбек демалысы ақысының дұрыс төленбеуі секілді жайттарды қамтиды.



таментінің бөлім басшысы Артур Батыров.

2024 жылы прокуратура, мемлекеттік кірістер, еңбек инспекциясы органдары мен жеке сот орындаушылар палатасының бірлескен әрекеттері нәтижесінде 48 кәсіпорында 993,283 млн теңге жалақы берешегі өтелген.

«Осы арқылы 8 897 қызметкердің құқықтары қорғалды», — деп отыр мамандар. Жұмысшылар ішінде тағы бір үлкен мәселе — еңбек қауіпсіздігінің сақталмауы. Былайша айтқанда, жұмысшылардың қорғалмауы. Көп жағдайда биіктіктен құлау, жарақат алу оқиғалары жиі кездеседі. Осыдан бір жыл бұрын «АрселорМиттал Теміртау» компаниясында 28 қазанға қараған түні Костенко шахтасында жарылыс болып, өрт шығып, 46 адам қаза тапқанын ел әлі ұмыта қойған жоқ. Осы оқиғадан кейін елде 29 қазанда «Жал-

пыұлттық аза тұту күні» жарияланды. Міне, бұлар да қарапайым жұмысшылар еді. Елімізде жұмысшылардың қауіпсіздігі қай салада болмасын қорғалмай жатқаны жасырын емес. Бір ғана БҚО-да 2024 жылы жұмыстағы жазатайым оқиғалардың кесірінен 6 адам қаза тапқан. 42 адам ауыр дене жарақатын алған. Бұлардың ішінде мүгедек болып қалып жатқандары қаншама?!

— Анықталған заңбұзушылықтарға байланысты 20 жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 1,375 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қатар 41 жұмыс берушіге ескерту түріндегі әкімшілік шаралар қолданылды. Жазатайым оқиғалар бойынша 84 арнайы тексеру жүргізілді, оның ішінде өндірістік жазатайым оқиғаларға қатысты 56 іс қаралды. Құқық қорғау органдарына 56 іс

материалы жолданды, — деп атап өтті Артур Батыров.

Ал БҚО кәсіподақтар орталығының жетекшісі Айгүл Есекенова болса, «зауыттағы жұмысшылардың қауіпсіздігін қорғайтын арнайы инспекторлар жетіспейді», — дейді. Соның салдарынан жазатайым оқиғалар жиі болып, жұмысшылардың құқығы да жиі бұзылатын көрінеді. Ең өкініштісі, азаматтар дер кезінде қажетті жерлерге шағымданбайды. Тіпті, өзі кәсіподақта болса да, содан көмек сұрамайтындар да бар.

Бірақ облыстық кәсіподақ ұжымдық өтініш түсіріп, «көмек сұрағандардың шаруасын заң аясында шешіп отырмыз», — дейді.

— Теректі аудандық білім бөліміне қарасты «Теректі балалар музыка мектебі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының төрт қызметкері жұмыс берушінің үстінен ұжымдық шағым түсірді. Жұмыс беруші еңбек заңнамасын бұза отырып, үш ай бойы (маусым, шілде, тамыз айлары үшін) жалақы төлемеген, сонымен қатар еңбек демалысы мен сауықтыру жәрдемақысын да төлемеген. Келіссөздер мен кәсіподақ тарапынан жасалған көмектің нәтижесінде тараптар дауды медиация тәртібімен шешуге келісті. Тараптар арасында медиациялық келісім жасалып, онда жұмыс беруші оның 4 қызметкеріне үш айлық жалақысын төлеуге, сонымен қатар еңбек демалысы мен медициналық жәрдемақы төлеуге келіскен. Мұндай мысалдар бізде өте көп. Біздің кәсіподақ жанында заңгерлік кеңес беретін де орталық бар, — дейді БҚО кәсіподақтар орталығының жетекшісі Айгүл Есекенова.

Биылғы жылды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы тегін емес. Елімізде жазатайым оқиғалардың көбейіп кетуі, жұмысшы қауымның құқығының жиі бұзылуы себеп болған сияқты. Тек әдеттегідей жұмысшыларды жинап алып, концерт беру — мақсат болмауы керек. Оларға керегі — тұрақты жалақы, жайлы жұмыс жағдайы, еңбек қауіпсіздігі. Сондықтан биыл осы негізгі мәселелерді шешіп, еңбек беруші тарапынан жұмысшыларға жағдай жасалса, нұр үстіне нұр болар еді.

МӘСЕЛЕ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Жыл санап қара жолдың бойында оқыстан апатқа ұшырайтындардың қатары азаяр емес. Керісінше, еселеп артып бара жатқаны алаңдатады. Әсіресе, қыстың көзі қырауда қарлы боран, сондай-ақ көктайғақ мұз кезінде соғылып жатқан көліктерден көз сүрінеді. Мұндай кезде күрежолдардың өзі жабылып, қауіпсіздік шарасын барлық шұғыл қызмет түрі ескертіп жатса да, елең қылмайтындардың салдарынан мыңдаған көліктің кептелісте қалатыны да қалыпты жағдайға айналған. Қалың қардың құрсауында қалғандар құтқарушылар мен жергілікті атқарушы органдардың көмегіне де жиі жүгініп жатады.

АЯҚТАЛМАҒАН

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ІСІҢ КӨП,



Ақмола облысында да жыл басында ірі жол апаттары болуы үйреншікті құбылысқа айналғандай. Полиция мен төтенше жағдай қызметінің ескертулеріне қарамастан жүргізушілердің жауапкершілігі мен мәдениеті төмендеп бара ма деген қауіп басым. Тәртіп сақшылары мен құтқарушылар жол қауіпсіздігіне ықпал ететін бұл факторлардың автокөлік жүргізушілердің көпшілігінің қаперіне де кірмейтініне қынжылыстарын жасырмайды. Полиция әсіресе жол сапасы жақсы ақылы жолдарда жол апаттарының негізінен жылдамдық режимін сақтамаудың салдарынан болатынын жеткізді. Естеріңізге салсақ, 3 қаңтарда өңірде аса ірі жол апаты болды. Полиция 95 көлік соқтығысқан Астана–Петропавл тасжолындағы ірі жол апатына байланысты Қылмыстық кодекстің екі бірдей бабы бойынша қылмыстық іс қозғалғанын хабарлаған.

— Осы жылдың үшінші қаңтарында Астана–Петропавл тасжолының Жанаталап ауылының жанында 95 автокөлік соқтығысқан аса ірі жол апаты жүргізушілердің арақашықтықты және жылдамдық режимін сақтамауының салдарынан болды. Аталған факт бойынша Қылмыстық кодекстің 345-бабының 1-тармағы «Жол қозғалысы қатысушыларымен абайсызда жол ережесінің бұзылуынан денсаулыққа орташа залал келтіру» және Қылмыстық кодекстің 353-бабының 1-тармағы «Көліктегі жол ережелерінің бұзылуы» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Тергеу шеңберінде жол-көлік оқиғасының барлық себеп-салдары анықталатын болды. Қазір тергеу амалдары жалғасып жатыр, — деді Ақмола облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук.

Жаппай көліктер соқтығысқан бұл апатта жиырмаға тарта адам түрлі деңгейдегі жарақат алып зардап шеккен. Апат орнында жұмыс істеген төтенше жағдайлар қызметі мен жергілікті атқарушы органдар зардап шеккендерді эвакуациялап, Алтынды ауылының орта мектебі мен Жанаталап бастауыш мектебіне жылытуға жеткізді.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар Қоғам және Макинка орта мектептерінде ыстық тамақпен қамтамасыз етті.

Жаппай көліктер соқтығысқан бұл апатта жиырмаға тарта адам түрлі деңгейдегі жарақат алып зардап шеккен. Апат орнында жұмыс істеген төтенше жағдайлар қызметі мен жергілікті атқарушы органдар зардап шеккендерді эвакуациялап, Алтынды ауылының орта мектебі мен Жанаталап бастауыш мектебіне жылытуға жеткізді.

Облыстық Полиция департаменті тек жыл басынан бері ғана тәртіп сақшыларының 4 мыңнан астам көлікті диттеген жерге бірге алып жүргенін жеткізді.

«Екі тәулік бойы жолда үзіліссіз жұмыс істедік. Әріптестер бір-бірін алмастырып отырды. Бірақ әрине аса ауыр. Әсіресе, қарлы боран кезінде қиын. Колоннаны алып жүрген кезде көліктердің бағытын бақылап, колоннаның аман-сау жетуін қадағалау қажет болады. Мұндай жылдамдық кезінде әр сәт шешуші болмақ, — дейді полиция полковнигі Асан Байқанов.

Әрине, құзырлы жергілікті атқарушы органдар мен полицияның және төтенше жағдайлар қызметінің апатқа ұшырап жапа

теді? Меніңше, апаттар «Қазавтожолдың» кінәсінен болғандықтан толығымен шығындарды өтеуге тиіс», «Басқа елдерде мұндай ауа райында жолдарды жаппай керісінше тазалап, құм мен ұсақ тас төсейді. Ал бізде жел соқса болды ештеңе істеместен жолды жаба салады. Сонда біз не үшін төлейміз?», «80 пайыз жол тазалау қызметі кінәлі. Жолға мүлде ұсақ тас төгілмеген. Қары аршылмаған тұстар көп болды», — деп жазды ашынған тұрғындар.

Дегенмен «Қазавтожол» компаниясының айтар өз уәжі бар. Біз құзырлы органға арнайы хат жолдап, ресми жауабын алдық. Жолға қызмет көрсетуді мойнына алған компания ірі жол апатына өздерін кінәлі санамайтындықтарын ашық жеткізді әрі жол-көлік оқиғаларына жүргізушілердің өздері кінәлі екенін мәлімдеді.



шеккен жандарға жасалған мұндай көмегінің маңызы зор болғанымен, жол апаттарының осылай жиілеуіне кінәлілердің жазасыз қалуы әлі талай «күрбандықтың» болатынын көрсететіні ашы да болса шындық.

Желілерде тұрғындар жол апаттарының басты себептерінің бірі ретінде сапасы жақсы ақылы автобан жолдардың өзінде қызмет көрсетудің төмендігі мен талапқа сай келмейтін сын салағаны алды. Олардың айтуынша, «Қазавтожол» ұлттық компаниясы жолдардың тазалығын қадағалаудың салдарынан да ірі жол апаттары жиі болады. Желідегі жұртшылық жол апаттары жолдағы жалтыраған көктайғақ мұз мен қалың қардың уақытылы тазаланбауының салдарынан жиі болатынын айтып шырылдайды. Олар, әсіресе ақылы жолдардың өзінде оның талапқа сай болмай, қар аршылмай, көктайғақ мұзға құм да себілмей қалатынын айтады.

«Жолды уақытында тазалау керек. Оның үстіне, жол апаттары ақылы жолдарда болып жатыр. Көбірек техника мен қызметкерлер тартып, жылытулар жасау керек. Автокөліктерін несиеге алған қарапайым адамдар қай-

дарынан 13:15-те 95 автокөлік соқтығысқан ірі жол апаты болды. Жол апатынан 10 минут бұрын ғана екі бірдей арнайы техника көктайғаққа қарсы материалдары шашқан. Мұны Елтай кентінің жанындағы 143 шақырымындағы камералар түсірген бейнелер де растайды, — деді «Қазавтожол» ұлттық компаниясынан.

Ұлттық компания жолдардың ақылы не ақылы еместігіне қарамастан жыл бойы күту жұмыстары жүргізлетінін алға тартады. Сондай-ақ жол тазалау техникасының да жеткіліктілігін жеткізді. Алайда компания техникаларға отыратын механизатор мамандарының тапшылығын растады.

— Жол тазалайтын арнайы техника жеткілікті. Жетпеген жерлерге техника жалға алынып толықтырылған. Бұдан басқа жыл сайын мамандандырылған техника паркін жаңарту жүргізуде. 2023 жылдан бастап «Өнеркәсіпті дамыту қоры» шеңберінде 245 арнайы техника сатып алынып толықтай жұмыс істеп жүр. Ақылы жолдарда арнайы техника толық жеткілікті. Алайда арнайы техникаға міндетін механизатор кадрлардың тапшылығын атап өткен жөн. Биылғы қыс мезгіліне көктайғаққа қарсы материалдар толық дайындалған және уақыты себіледі. Қатты желдің болуына байланысты көктайғаққа қарсы материалдар тиісті нәтиже бермейтін жағдайлар да болады. Жолдарды жабу қолайсыз ауа райы кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында жүргізіледі. Автожолдардың ашылуы мен жабылуы туралы ақпарат Қоғамның ресми интернет-ресурсында, Telegram-арнада, Сараг мобильді қосымшасында уақтылы жарияланады, сондай-ақ колл-орталық арқылы 1403 нөмірі бойынша беріледі. Бұдан басқа жұмыс тиімділігін және облыстық филиалдардың өзара іс-қимылын арттыру мақсатында жол қызметтерінің күштері мен құралдарын жедел басқару және жол жағдайының күрделі кезінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін Төтенше жағдайлар министрлігі жанында диспетчерлік қызмет құрылды. Бұл жол пайдаланушыларынан келіп түскен шағымдар мен ұсыныстарды Жол пайдалану учаскелерінің жауапты кезекшілерімен және облыстық филиалдардың операторларымен бірлесіп жедел пысықтауға көмектеседі, — делінген «Қазавтожол» ұлттық компаниясының ресми жауабында.

P.S.

Қалай десек те, қара жолдың бойында жан түршіктіретін апаттардың, әсіресе жаппай көліктер соқтығысқан ірі жол апаттарының алдын алатын амалдың табылмай жатқаны өкінішті. Бұл орайда жол үстіндегі қауіпсіздіктің ең бірінші кезекте әр адамның өз қолында екені де даусыз. Дегенмен құзырлы органдар да, жолаушылар мен жүргізушілер де тұтас қауымға ежелден таныс қарапайым қағидалар мен жауапкершілік жүгін қаперінен шығармаса ажалына асыққандар да азаяр ма еді деген ой келеді...

ТҰЛҒА


18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Ораз Жандосов – Кеңес өкіметі кезінде тұңғыш рет ақындар айтысын өткізген, 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі ұйымдасқан, бүгінде Ереуілтөбе атанып кеткен Қарқара жеріне тұңғыш ескерткіш белгі жасатқан қайраткер және қазіргі Ұлттық кітапхананың тұңғыш директоры болған жалынды күрескер.

Ораздың балалық шағы, жігіттік кезі, мемлекет және қоғам ісіне белсене атсалысқаны хақында Кенен Әзірбаев жалпы көлемі 500 жолдық поэма арнаған екен. Өкініштісі, ол шығарма ешқайда басылмай, тағдыры белгісіз болды. Кененнің ұстазы, әйгілі ақын Жамбыл Жабаев та Ораздың отбасы, өскен ортасы хақында ой жүгіртіп, жүрегінен жыр төгеді.

*«Қара болсаң, қара бол,
ханнан аулақ,
Кедейдің сөзін айттың,
дауын даулап.
Қара қылды қақ жарып
жүрсенегер,
Бағың өсіп кетерсің,
отың лаулап».*

Ораз Жандосов 1929 жылдың 1 маусымынан бастап Халық комиссары қызметінен төмендетіліп, құрылуына атсалысқан Қазақ университетіне қарапайым оқытушылық қызметке жіберіледі. Оған да мойымай, көптеген зерттеу лекциясын жүргізеді. Қазақстанды зерттеу қоғамын басқара жүріп, еліміздегі кітапхана ісінің де дамуына атсалысты. 1929 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтының директоры болды. 1931 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік көпшілік кітапханасын ұйымдастырды әрі тұңғыш директоры болды. Киелі қара шаңырақтың тізгінін өз қолына алған ол аз уақыттың ішінде қазақ оқырманын кітапханаға тарту мақсатында қыруар шаруа атқарды. Дегенмен Оразды бұл орында да көп тұрақтатпай, әртүрлі шаруашылық-наукандық жұмыстарға жіберіп отырады. Күшпен ұжымдастыру жылдарында кеңестік билік Оразды Алматы облысының Қастек пен Қордай аудандарына және Әулиеата облысының Сарысу ауданына уәкіл етіп тағайындады. Сол кезде де жергілікті жерлерде қалыптасқан ауыр жағдайларды республика басшылығына қаймықпай шындықты ашық айтып отырды. Сөзімізге дәлел ретінде Жандосовтың 1933 жылы Сарысу ауданының жай-күйі туралы айтқанын келтірсек: «Ауылдары аралаған кезімде, мен ондаған күн бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім. Бұл жағынан тірі қалған әйелдер мен балаларға



ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАСАҚ

ешкім көмек көрсетпейді». Осылайша, ол ашаршылық кезіндегі небір адам шошырлық қасіретті оқиғаларды биліктен қаймықпай жариялап отырды. Кеген аудандық партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарып жүрген 1934 жылдың 6 қаңтарында Алматы облысының партия конференциясында ол былай дейді: «Бұрынғы басшылар саяси қателіктеріне байланысты туындаған қиыншылықтарды жою үшін күресу қажет. Ол үшін жергілікті жерлердегі ескі басшылықтың жіберген қателіктерін сынаудан қашпауымыз қажет. Біздің міндет – жоғарғы жылдамдықпен қарқынды жұмыс істеу».

Конференциядан соң ол қайтадан партия органдарына жауапты қызметтерге тартыла бастайды. 1933 жылы Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Дәл осы тұста Ораз Жандосов Жамбыл мен Кененге көп көмектесіп, Жаркенттегі өлкелік ұйғыр мәдениетін ұйымдастырып, Дүнген музыка театрына көмегін де аяп қалмайды. Ораз Қыйқымұлы жөнінде тарихшы ғалымдар іргелі зерттеулерін жариялап жүр. Ұлттық ғылым академиясының академигі тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді бүгінде ҰҚК Алматы қалалық архивінде Ораз Жандосовтың III том тергеу материалдары сақтаулы тұрғанын айтады. Осы орайда айта кетейік, тінту кезінде 9 дәптерге жазылған

«Теміртас» атты қолжазба аудармасын да белсенділер алып кеткен. Бүгінде зерттеушілер жоғалған «Теміртас» көркем туынды болуы да мүмкін деген пікірлер айтады.

«Ұлттым» деп ұрандап, «жұртым» деп жалындаған Ораз қай

інен, О.Жандосов көтерілістің түп-тамыры тереңде екенін меңзеп, Исатай мен Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарының өзара сабақтас және көтерілістердің түпкі мақсаты отарлық езгіден құтылу екендігін айтады. Ерліктерінің тағы бірі, сол кездегі Верный қаласының аты Алматы деп ауыстырылуына аянбай тер төккен еді. «Қазақ коммунистерінің арасындағы екі топтың барлығы маған белгілі. Олардың біреуіне – Садуақасов Смағұл, бұрынғы жер жөніндегі комиссар, Сұлтанбеков, Мынбаев және Жандосов тағы басқалар басшылық етеді. Екінші топтың жетекшілері Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Нұрмақов, Тоқтыбаев Кәрім, Тоғжанов жатады. Бірінші топ ұлтшылдардың қатарына жатады, екіншісінің де біріншіден пәлендей айырмасы жоқ. Өйткені қазақ халқының мүддесін қорғау кезінде, мысалы жерге орналастыру мәселесі жөніндегі тартыс кезінде екі топ та бірігіп кетті», – деп Елдос Омаров НКВД-ның тергеушісіне берген

тандықтарға да оншалық жұғыса қойған жоқпын, бірақ «анау-анасы, мынау-мынасы» дегендердің ішінен Ораз Жандосовты да көріп жүргем. Жүзін көргенге дейінгі ұғымымда ол жасы егде тартқан адам болуға тиіс еді. Ал көргенде қарасам, жас шамасы менімен шамалас сымбатты, сұлу жігіт. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дейді ғой қазақ. Ал Ораз Жандосовпен жылы жарқын сөйлесудің сәті 1927 жылдың жазында түсті. Сол жазда мен қызмет бабымен Қызылжардан Қазақстан орталығы Қызылордада осы қызметті атқаруым керек. С.Мұқанов аталған мақаласында Ораз Жандосовтың «Еңбекші қазақ» газетінің партия тұрмысы және әдебиет бөлімдеріне басшы болуыма ерекше ықпал еткенін де жасырмайды.

Жазушы Ғабит Мүсірепов өз қолымен арабша жазған естелігінде: «Ораз өте орнықты, сергек ойлы, кең құлашты нағыз мемлекет адамы болатын. Қазақстанның талай таршылыққа ұшыраған кездерінде ол торыққан емес. Өмір ылғи молшылық емес, кей-

де бар, кейде жоқ, бірақ Ораздың алдынан наразы болмай кетуші едік. Ұсақ-түйекте жұмысы жоқ. Оған кіріп-шыққаннан кейін жігерлене түсуші едік», – деп Жандосовтан көрген жақсылығын жазады.

«Жақсының жақсы деген аты қандай, әр сөзі мың алтынға татығандай» деп қазыналы халқымыз айтқандай, Ораз Жандосовтың әрбір сөзі мен іс-әрекеті халық жадында мәңгі сақталары анық. Жоғарыда біз сіздерге ұлт қайраткерінің саналы ғұмырындағы санаулы оқиғаларды келтірдік. Ораз жөнінде қазақтың маңдайалды қайраткері тек қана жақсы естеліктер мен пікірлер білдірген.

Ұлттық кітапхананың тұңғыш рет тізгінін қолына алып, жан-жақты ізденісінің арқасында бірнеше жылдың ішінде республикаға мәшһүр кітапхана етуі – табанды еңбекпен қоса, қайтпас қайраткерліктің жемісі. Ұлт қайраткерінің есімі жадымызда сақталсын деп, 2020 жылы қазан айында Ұлттық кітапхананың 120 жылдығы қарсаңында «Қазақстан кітаптары» қызметінің оқу залына көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов есімі берілді. Ендігі біздің ұсыныс-тілегіміз – Ораз Жандосовтың есімін мәңгі есте қалдыру үшін Алматы қаласындағы өзі құрып, алғашқы директоры болған Қазақ ұлттық аграрлық университетіне есімі берілсе, сондай-ақ Қонаев қаласында еңселі ескерткіші орнатылса дейміз.

**Б. ҚОШМАҒАНБЕТОВ,
М. ИМАНБАЕВ,
Жамбыл облысы**

«Жақсының жақсы деген аты қандай, әр сөзі мың алтынға татығандай» деп қазыналы халқымыз айтқандай, Ораз Жандосовтың әрбір сөзі мен іс-әрекеті халық жадында мәңгі сақталары анық.

кезеңде, қандай шаруаға кірсе делінің мүддесін алдыңғы қатарға қойып отырды. Бастапқыда бізге белгісіз болып келген сот тергеу материалдары егемендік алып, еңсемізді тіктеген сон ақтандық беттер айқындала бастады. О.Жандосовтың тарихи ерліктері зерттеушілер арқылы нақты дәлелденіп отыр.

Мысалы, ол 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына байланысты жазған мақалалары мен хаттарында: «1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының алдына ел болып қалу немесе өшу туралы мәселе қойды» деп биліктен тайсалмай, көп ұзамай басына үйірілер қара бұлттан қаймықпай жазды. Академик Мәмбет Қойгелді Ораз Жандосовтың осы пікірін сол кездегі екіншісі бірі бара бермейтін ерлікке тенейді. Негіз-

жауабында ашық айтады. Міне, өздеріңіз байқағандай, қай жағдайда болсын, Ораз Жандосов есімі Алаш қайраткерлерімен әсте бөлінген емес, бөлінбейді де. Сіздердің назарларыңызға архив материалдарын тағы да тізіп шығуға болар еді, дегенмен

оның орнына біз Ораздың адами келбетіне тоқталғмыз келеді. Сондықтан да замандастарының естеліктерін келтіруді жөн санадық.

Жұбайы Фатима Жандосова: «Мәскеуде Кузнецкий мост көшесінде және біздің Лихаборадағы саяжайымызда Ораз көптеген қазақ студенттерінің және жұмыспен келген Түркістан республикасы қызметкерлерінің пірі сияқты болды», – деп тебіріне жазды. Сәбит Мұқанов қайраткерлермен таныстығы жөнінде «Жетісу» газетінің 1969 жылғы 28 ақпан күнгі санында былай жазады: «Түркістандық екі облыстық қызметкер Орынборға 1925 жылдың көктемінен келе бастады. Ол кезде мен рабфактың студентімін, «жоғары» аталатын қызметкерлермен араласым аз, сондықтан түркі-

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

18 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

БұҰ 2025 жылды Халықаралық Кванттық ғылым және технологиялар жылы деп жариялады. Кванттық есептеулер саласындағы жаңа зерттеулер бұл технологияны кез келген пайдаланушы үшін қолжетімді ете алады. Зерттеушілердің айтуынша, биылғы басты технологиялық тренд – кванттық криптография. Бұл кванттық физика принциптеріне негізделген коммуникацияларды қорғау әдісі.

ЭНЕРГИЯНЫ ТИМДІ ЕСЕПТЕЙТІН ЖАБДЫҚ ЖАСАМАҚ

Оксфорд университетінің ғалымдары жасаған жаңалықтың арқасында миллиондаған адамдар мен компаниялар жақын арада кванттық есептеулердің барлық күшін қауіпсіз пайдалана алады. Ғалымдар көзсіз кванттық есептеулер әдісін енгізуде, бұл әдіс екі жеке кванттық есептеу құрылғысын (мысалы, үйде немесе кеңсесінде отырған адам мен бұлтты серверді) қауіпсіз қосуға мүмкіндік береді. Мұндай есептеулерді пайдалану арқылы тұтынушылар құпия деректерді өңдеу үшін қашықтағы кванттық компьютерлерге қол



жеткізеді, ал жеке мәліметтер қорғауда болады.

Жасанды интеллект сияқты технологиялардың дамуы энергияны көп тұтынуға «мәжбүрлеп» жатыр, бұл қоршаған ортаға көмірқышқыл газының шығарындыларын көбейтуде. Зерттеушілер осы себептен энергияны тиімді есептеу технологияларын да биылғы тренд болады деп сенеді. Gartner компаниясы алдағы 5-10 жылда нейроморфты және кванттық есептеулер негізінде энергияны тиімді есептейтін жабдық жасау мүмкін болатынын айтады.

Биыл сондай-ақ көпфункционалды роботтар, биотехнологиялық жетістіктер мен гибриді есептеулер жаңалық жасауын жалғастыра бермек. Бүгінде өнеркәсіптік компанияларда шамамен төрт миллион көпқызметті робот жұмыс істейді. Олар тапсырысты жинау, орау және тауарды қойма ішінде тасымалдау жұмысын сәтті атқаруда. Бұл адамның жаракат алу қаупін азайтып, оларды маңыздырақ міндеттерге босатады. Ал Dilectus сияқты қойма роботының прототипі бір ғана тапсырманы



КВАНТТЫҚ КРИПТОГРАФИЯ – БИЫЛҒЫ ТЕХНОТРЕНД



Биыл жасанды интеллект септесетін құрылғылар күнделікті өмірімізге әлдеқайда тереңірек енеді. Қазірдің өзінде ЖИ көмегімен жұмыс істейтін ақылды дауыс күшейткіштер мен смартфондар бар, бірақ болашақта олар дамып, жеке көмекшілерге айналады.

орындап қана қоймай, тұтас циклды автономды түрде жүзеге асыра алады. Physical Intelligence компаниясының роботы көптеген тұрмыстық тапсырманы орындауды үйреніп алған: ол киімдерді кептіріп, бүктейді, үстелдің үстін жинап, қоқыстарды сорттап береді. Сондай-ақ CRISPR әдісімен гендерді өңдеу сияқты биотехнологиялық жетістіктер көбірек қолданыс табады. Зерттеушілер бұлшықет дистрофиясы, муковисцидоз, серповидті жасушалық анемия сияқты генетикалық ауруларды емдеудің жаңа мүмкіндіктері жайлы көп айтып жүр. Сонымен қатар қатерлі ісікті емдеудің жаңа әдістері пайда болуы мүмкін, оның жанама әсері төмен болмақ. Мәселен, шведтік стартап DeepTrait жасанды интеллектіні аурулардың генетикалық маркерлерін анықтау үшін пайдаланады. Нейрондық желілер деректерді талдап, патология белгілерінің генетикалық меха-

низдерін түсінуге көмектеседі. Осыған ұқсас стартаптар өсімдіктер мен жануарларды сұрыптау, жаңа дәрі-дәрмек әзірлеу және диагностика салаларында қолданылмақ.

ГАДЖЕТТЕР КӨШБАСШЫСЫ – AR ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Технологиялық прогресс жалпы ғаламның бетбұрысын айқындап қана қоймай, биыл жеке адамның өмір сүруін жеңілдететін түрлі жаңалық жасайды. Техносарапшылар биылғы трендтің үштігін, бесітігін, ондығын болжап әлек. Apple, Samsung, Xiaomi компаниялары биыл ұсынатын ақылды гаджеттері көбіне көп қолданыстағысын өбден жетілдірген. Биылғы трендтегі гаджеттердің көшбасшысы – AR технологиясы бар ақылды көзілдіріктер.



Бүгінде мұндай құрылғылар нарықта бар, бірақ 2025 жылы қарай олар айтарлықтай жақсарады. AR көзілдіріктері пайдаланушыға виртуалды объектілерді шынайы әлемге енгізуге және смартфон немесе планшет экранына қарамай-ақ ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл көзілдіріктердің дизайны жеңіл әрі стильді болып, функционалдығы артатын болады. AR технологиялары навигация, медицина, білім беру және ойын-сауық сынды өмірдің әртүрлі салаларында кеңінен қолданыла бастайды. Мысалы, ғалымдар мен инженерлер AR көмегімен виртуалды модельдер жасай алады, ал саяхатшылар әлемнің көрнекті жерлерін шынайы уақыт режимінде таба алады. 2025 жылдың үшінші маусымында Samsung Smart Glasses ақылды көзілдірігі 500 данамен сатылымға шығады. Салмағы 50 грамм болатын құрылғы Qualcomm AR1 чипсетін алады, ал батареясының

сыйымдылығы 155 мАч болмақ. Гаджет Sony IMX681 12 МП камерасымен жабдықталады әрі Gemini-дің жасанды интеллект боты қолдау көрсететін болады. Сонымен қатар Apple Vision Pro 2 көзілдірігі сатыла бастады. Сарапшылар бұл құрылғының бірінші нұсқасын айтарлықтай сәтті шықпады десе де компания өкілдері биылғы жаңалығын заман сұранысына сай деп жариялады.

Сондай-ақ биыл иілгіш және бүктелетін экраны бар гаджеттер тарғымдылығын жоғалтпайды. Қазір иілгіш экрандары бар гаджеттер, оның ішінде смартфондар, планшеттер және тіпті теле-

дидарлар пайда бола бастады, бірақ болашақта олардың мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейеді. Иілгіш экрандар құрылғылардың пішінін және өлшемін өзгертіп, пайдаланушының қажеттілігіне бейімделуіне мүмкіндік береді. Бұл игілікті алғаш Samsung ұсынған еді. Аталмыш компания биыл тағы бір төңкеріс жасамақ, ол – Samsung Rollable Phone. NotebookCheck сайтының мәліметінше, Samsung компаниясы 2025 жылы 12,4 дюймдік экранға ие және дисплейі бұралатын смартфон шығаруды жоспарлап отыр. Камералары (бәлкім бір камера) экранның астында орналасатын болады. Егер бұл ақпарат шындыққа сай болса, бұралатын экранды Samsung смартфонны тұтынушылық нарыққа шығатын алғашқы құрылғы болады.

2025 жылы денсаулыққа көңіл бөлу басты басымдықтардың біріне айналады, ал киелетін құрылғылар осы бағытта маңызды рөл атқарады. Қазір жүрек соғысын, белсенділікті және ұйқы сапасын бақылайтын смарт сағаттар мен білезіктер бар, ал болашақта мұндай құрылғылар әлдеқайда жетілдіріліп, көп параметрлерді бақылауға мүмкіндік береді. Биылғы құрылғылар стресстің деңгейін, ми белсенділігін немесе тіпті қанның химиялық құрамы сияқты күрделі көрсеткіштерді бақылауға мүмкіндік береді деп күтілуде. Бұл құрылғылар пайдаланушының денсаулығына қауіп төнген жағдайда ескерту жасап, медициналық жүйелерге хабар беріп, дұрыс диагностика жасауға көмектеседі. Бұл орайда сарапшылар Samsung Galaxy Ring 2 сақинасына оң баға беріп отыр.

Биыл жасанды интеллект септесетін құрылғылар күнделікті өмірімізге әлдеқайда тереңірек енеді. Қазірдің өзінде ЖИ көмегімен жұмыс істейтін ақылды дауыс күшейткіштер мен смартфондар бар, бірақ болашақта олар дамып, жеке көмекшілерге айналады. ЖИ-көмекшілер тек дауыс пәрмендеріне жауап беріп қоймай, пайдаланушының әдеттеріне қарап, оның қажеттіліктерін болжай алатын болады. Сондай-ақ 2025 жылы ақылды үй технологиялары айтарлықтай дамып, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады. Мысалы, жылыту жүйесі үйде кім бар екенін анықтап, температураны автоматты түрде реттейді, ал жарықтандыру жүйесі күннің уақыты мен тұрғындардың көңіл-күйіне қарай жарық пен түсті өзгерте алады. Ақылды үйлер жасанды интеллектпен біріктіріліп, тұрғындардың мінез-құлқын талдай отырып, олардың әдеттеріне бейімделіп, өмір сүру жайлылығын арттырады.

Асыл ТҰМАР



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЛЫ – Алматы облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4546
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеп көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,